АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 43 (476)
29 қазан, 2022 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

– Назкен Истайқызы, сауалымызды мамандық маңызынан бастасақ. Көбісі әлеуметтік қызметкердің немен айналысатынын, қандай қызмет көрсететінін түсіне бермейді. Бірі әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері деп ұқса, екіншісі ерекше балалармен жұмыс істейтін маман деп түйеді. Нақтысы қандай?

– Сала мамандары азаматтарға көмек көрсетумен айналысады. Ең басты ерекшелігі де осында. Әлеуметтік қызметкерлер 5 санаттағы азаматтарға көмек көрсетеді. Ол біріншіден психоневрологиялық ауытқуы бар балаларға, тірек қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға, психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге, жалғызбасты қарттарға және I, II топтағы мүмкіндігі шектеулі жандарға тағайындалады. Әлеуметтік қызметкерлердің міндеттері мен жұмыс тәртібі ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрінің 165 бұйырығымен бекітілген.

– Әлеуметтік қызметкер қандай санаттағы тұрғынға тағайындалатынын түсіндік. Ал сіздердің тараптарыңыздан ол азаматтарға қандай қызмет көрсетіледі?

– Әлеуметтік қызметкер қызмет алушыға 8 түрлі қызмет көрсетеді. Әлеуметтік- мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік – психологиялық сынды қызметтер. Мәселен, психологиялық – әлеуметтік қызмет бойынша балалар бөлімшесінде ауыр диагнозбен қызмет алады. Сол балалардың ата-анасымен мамандар жұмыс істейді. Баласы науқас болғандықтан күйзеліске түсетіндер бар. Соларды көтеру үшін күш салады. Балаларын шомылдыруға, киімін ауыстыруға көмектеседі. Бір қызмет алушыға екі сағаттан, аптасына екі рет қызмет көрсетеді.

– Әрине, атқаратын негізгі қызметімізге сәйкес, азаматтардың басым бөлігі атаулы әлеуметтік көмек алу және жұмыс мәселесі бойынша келеді. Қажетті кеңес пен нұсқау беріп, талапқа сай азаматтардың тиісті көмек алуына барынша мүмкіндік жасаймыз.

– Әлеуметтік көмек алу үшін алаяқтыққа баратындар кездеседі. Уақытша некеге тұру, жалған анықтама

Назкен АБДУЛЛАЕВА, әлеуметтік қызметкер:

«ЖАУАПТЫ ОТБАСЫҒА ЖАҚЫН БОЛУ ҚАЖЕТ»

Бүгінде халықпен етене байланысып, қоғамның осал тобындағы азаматтарға қамқорлық көрсететін мамандар ескерусіз қалуда. Олардың кәсіби жетістігі, қызметіндегі көрсеткіші елене бермейді. Тіпті, көпшілігі аталған мамандардың жұмысының жай-жапсарын түсінбей, сын айтуға құмар. Осы орайда әлеуметтік қызметкерлер күні қарсаңында сала маманы Назкен Абдуллаевамен сұқбаттасып, толғандырған сауалға жауап алудың сәті түсті.

– Арнайы маманға мұқтаж адам қандай тәртіппен көмек ала алады?

– Жылда медициналық-әлеуметтік сараптамадан өткенде жеке оңалту бағдарламасы әзірленеді. Сол құжатта кей азаматтың үй жағдайында әлеуметтік қызметкерге мұқтаж екені көрсетілуі шарт. Соған сәйкес, қаулы шығарылады. Кейін жергілікті атқарушы орган көмекке мұқтаж азаматқа жәрдемдесетін әлеуметтік қызметкерді нақтылайды. Жалпы, әлеуметтік қызметкер – материалдық, заңнамалық және білім алу тұрғысында кеңес беретін маман. Яғни, жауапты отбасыға жәрдем беруші.

– Азаматтармен жұмыс кезінде мониторинг жүргізу тиімді екені білеміз. Саладағы тәжірибеңіз жеткілікті. Осы орайда өзіңіз қызмет ететін қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру бөліміне халық қандай мәселемен жүгінеді?

– Өзірлеу, құйтырқы әрекетке бару... Осындай жағдайда азаматтарды қандай жауапкершілік күтеді?

– Орынды сауал. Кез келген қоғамда заңға қайшы әрекет ететін азаматтар болатыны анық. Өмірлік жағдайға байланысты немесе жеке пайдасы үшін түрлі қулық-айланы жасайды. Біздің салалда да мұндай азаматтар жоқ емес. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та тілге тиек еткенін біледі.

Алайда атаулы әлеуметтік көмек алу процесі қатаң бақылауда. Комиссия мүшелері де алаяқтық фактілерінің орын алмауын мұқият тексереді. Сондықтан қандай да бір азамат тарапынан заңсыздық байқалса, мекеме мамандары комиссия мүшелерінің қорытындысы арқылы әлеуметтік көмек беруден бас тартады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВ

IT ЖОБАЛАР ХАКАТОНЫ ӨТТІ

Ұлттық мереке – Республика күніне арналған «Болашақ біздің қолымызда» тақырыбындағы «SMART CITY KYZYLORDA HACKATHON 2022» облыстық IT жобалар хакатоны мәреге жетті.

Биыл төртінші мәрте ұйымдастырылған хакатонға облыс әкімдігі, Astana Hub халықаралық технопаркі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ұйытқы болды. Байқауға қатысқан жастар «Өзірлеу», «Медиа&Білім», «Модельдеу» бағытында түрлі сайт, мобильді қосымша, бот және ойындар, роботехника мен анимациялар және медиа өнімдерін ұсынды. Байқауға ниет білдірген 270 қатысушының арасында IT үйірмелерге қатысатын оқушылар, колледж, ЖОО студенттері мен мұғалімдер бар. 100-ге жуық жобаны қорғаған жастар IT шешім арқылы көптеген мәселенің алдын алуға болатынын жеткізді. Байқауда үздік жобаларымен алға шыққан жастарды облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов пен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жандос Базартай марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша «Медиа&білім» бағытында Қызылорда қаласындағы №140 мектеп оқушысы Аружан Қыдырбай, «Модельдеу» бағытында Қазалы ауданының №103 мектеп оқушысы Бейбіт Рахымжан, «Өзірлеу» бағытында №14 мектеп-лицей оқушысы Нұрбек Райханов Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің грант иегерлері атанды. Ал әр бағыт бойынша I орынды иеленген Оралбек Абдуллаев, Әділ Серік, Ендік Мұратбек сынды жеңімпаздарға 70 мың теңгенің сертификаты табысталды. Сондай-ақ, II, III орындарға қаржылай жүлде мен арнайы сыйлықтар тапсырылды.

«Медиа» бағыты бойынша оқу грантын жеңіп алған Абылай хан атындағы №140 орта мектептің 10-сынып оқушысы Аружан Қадырбай хакатонның тартысты өткенін айтты.

– «SMART CITY HACKATHON 2022» IT жобалар байқауына «Біз айтамыз…» жобасын ұсындым. Ауқымды жобада әртүрлі сала мамандарымен ашық аланда кездесе отырып,саяси-әлеуметтік, құқықтық сұрақтарға жауап алдық. Жоба өте жоғары деңгейде өтті. Аймағымыздағы жастардың жобаларын дамытуға бірден-бір септігін тигізді. Хакатон әрі қарай жалғасын тапса, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын жобалар арта түспек. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – дейді Аружан Рүстемқызы.

Айта кетейік, «Кәсіпкерлік» орталығы 2017 жылы университет жанынан құрылып, бүгінде қарқынды жұмыс істеуде. Бес жыл ішінде орталық Қызылорда облысындағы 7 000-нан аса жас кәсіпкерді қамтып, 384 кәсіпкерлік жобаның жүзеге асуына ықпал етті. Жалпы мөлшерде жастардың кәсіпкерлік стартап жобаларына 65 670 000 теңге инвестиция тартылған.

Мұнан бөлек, облыс көлемінде «Smart city Hackathon», «PechaKucha Night Kyzylorda», «Startup roadshow», «Enactus Kazakhstan roadshow», «Startup Talapker incubation», «Innofest» облыстық инновациялық жобалар фестивалі өтті. Сондай-ақ, «SLL workshop», «SocInn startup», «NoCodeDay», «Open Speech Kyzylorda» бағдарламалары мен іс-шаралары ұйымдастырылды. Ал осы айдың соңына дейін «PECHAKUCHA», ал жыл соңына дейін «Innofest» идеялар байқауы өткізіледі.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

«МӘҢГІЛІК ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ» МӘНІ НЕДЕ?

Қызылордалық өнертапқыш Марат Палмахов «Мәңгілік қозғалтқыш» құрылғысын жарыққа шығару үшін тоғыз жыл еңбектенген. Жылдар бойы жалғасқан үздіксіз ізденіс нәтижесінде шалғайдағы ауылдарды электр қуатымен және сумен қамтамасыз ететін генератор жобасы дүниеге келген. Ол жуырда ғана ерекше құрылғы моделін патенттеп, көпшілік назарына ұсынды.

Тарихқа аты мәлім өнертапқыштар секілді Марат та құрылғыны талай тәжірибе мен сынаққа салып, тексерістен өткізген. Тынымсыз тірліктің соңында жоба сәтті аяқталып, өткен жылы экологиялық таза және сыртқы энергия көздерін қажет етпейтін «мәңгілік қозғалтқыш» дайын болған.

Мараттың қондырғысы аккумулятор және судың көмегімен жұмыс істейді. Соның нәтижесінде генератор үздіксіз тоқ шығаруға қабілетті. Өнертапқыштың айтуынша, генераторды электр беру, байланыс, су құбырларының жақын өтетін желілері жоқ ауылдарда, омарталарда, фермерлік шаруашылықтарда қолдануға болады. Бұл сатып алуда, қызмет көрсету құны қымбат күн батареяларына қарағанда ең жақсы балама.

– 2021 жылы өздігінен электр және сумен қамтамасыз ете алатын автономды генератор жасадым. Дизайн мен жұмыс принципін қолдану оңай және үлкен шығынды қажет етпейді. Сондықтан құралды жеке тәртіппен және өнеркәсіптік өндірісте пайдалануға болады. Генератор экологиялық материалдардан жиналады және қоршаған ортаға зиянды қалдық шығармайды. Бұл қазіргі жағдайда аса маңызды жайт. Сондай-ақ, генератор толығымен автономды, яғни оның жұмысы сыртқы факторларға байланысты емес. Қуат көзі ретінде жел де, су да, электр энергиясы немесе отынды қажет етпейді», – дейді Марат Палмахов.



Бастысы, генераторға техникалық қызмет көрсету қиын емес. Себебі, ол жоғары білікті мамандардың көмегін қажет етпейді. Сол үшін аталған құрылғыны кез келген климаттық жағдайда қолдануға болады. Оған қоса құрылғыны жөндеу үшін бір адам жеткілікті. Бұл электр желілері мен су құбырлары жүргізілмеген елдің шалғай аймақтарында орнату мүмкіндігін арттырады.

Жуырда Марат Палмахов жаңа құрылғысына патент алып, Қызылорда облыстық «Жастар ресурстық орталығында» генератордың тұсаукесер рәсімін өткізді.

Бүгінде Nazarbaev университетінің ғалымдары аппаратпен жұмыс істеуге қызығушылық танытуда. Бұл өнертапқыштың жарыққа шығарған бір ғана жобасы екенін ескерсек, алдағы уақытта зерттеуді қажет ететін басқа да идеялары жеткілікті екеніне сенім мол.

Гүлдана ЖҰМАДИН

НЕСИЕ НЕСІБЕ БОЛА МА

Соңғы жылдары цифрландыру әр саланы өзгеше сүрлеуге салып, қолжетімділік басты шартқа айналған. Соның ішінде түрлі деңгейдегі банктер қаржыдан қысылғанға қарыз беруді жеңілдетіп жіберді. Статистика бойынша елімізде әр үшінші қазақстандық несие алған.

Несие арқылы қарапайым ұялы телефон мен түрлі тұрмыстық техника, автокөлік, тіпті, көлемді қаржыға қол жеткізу қиын емес. Қазақтың «үйленгенінен үйлі болуына» дейінгі әрекеттері банктерге байланғандай. Мамандар мұны қазақстандықтардың қаржылай сауатсыздығымен байланыстырады. Себебі ел халқының тең жартысында депозит салымдары емес, бас-басында бір-екі банкке қарызы бар. «Елімізде несие алып, қарызға батып жүргендер көп. Бұл мәселе мені де қатты толғандырады. Таяу арада мен осы мәселе бойынша ұсынысымды халыққа жариялаймын», – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақ неге несиеге құмар? Қарызды алу оңай, ал қайтаруда неліктен қиналамыз? Осы сұрақтар төңірегінде мәселенің мәнісіне үңілейік.

ҚАРЫЗ ЖАБУ ҮШІН ҚАРЫЗ АЛУ

Кез келген 21 жасқа толған ел азаматы несиеге қол жеткізе алатынын атап өттік. Бірінші кредиттік бюроның ресми ақпаратына сүйенсек, Қазақстанда экономикалық белсенді халық қатарындағы 9,2 миллион адамның 7,2 миллионында, яғни, 77 процентінде несие бар. Несие алған қазақстандықтардың төрттен бірі – шамамен 1,8 миллион адам қарызын уақтылы төлей алмағандар екен.

2020 жылдың соңына қарай Dauletten.kz сайты өз оқырмандары арасында сауалнама жүргізіп, несие туралы біраз сұраққа жауап алған. Сауалнама арқылы қазақтардың несиені қандай қажеттілік үшін алғанын сараласақ, техника мен электроника сатып алу себебі екінші орында тұр. Басты орында тұрғын үй, көлік алу, жеке кәсіп ашу және той жасау үшін алынған несиелер орналасқан.

Банк қызметкері, заңгер Әсем Сатыбалдиева қазіргі танда несиенің түрлі мақсатта алынып жатқанын жоққа шығармады. Оның айтуынша, қазақстандықтардың көбінде кездесетін жағдай – қарызды қарызбен жаба тұру. «Оған көзім жетті. Тіпті, қазақтар қайта қаржыландыру жасауға тырыспайды. Себебі кредитті қайта қаржыландырса, әлдеқайда ұтымды. Дегенмен олар бірден банкке жүгіріп, тағы бір кредит рәсімдейді. Шыны керек, пайыздық мөлшерлемесіне де аса назар аудармай жатады», – дейді маман.

Оның айтуынша, соңғы жылдары дүркіретіп той ұйымдастыру, маңызды отбасылық мерейтойлар үшін де жиі несие алынады. Бұл мақсаттағы қарыздың мөлшері 10 миллион теңгеге дейін жетеді деуге болады. Қазақтар тойды атқарып шығу үшін кем дегенде 3-4 миллион теңгеге дейін қарызға кіреді екен.

Қазір – нарық пен маркетинг кезеңі. Соған қарамастан көбісі бұрынғы жүйеге сай, жалақыдан жалақыға дейін өмір сүруге үйреніп қалған. Айдың соңына жетпей, қиналған жұрт жамырап, банкке қарай жүгіреді. Міне, сарапшылардың зерттеулеріне мән берсек, қазақстандықтар түгелдей материалдық, қаржылық жетіспеушілікті қарызбен жаба тұруға ұмтылады екен.

ӨҢІРДІҢ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ?

Кәсіпкер Ғалымбек Жақсылықов жеке парақшасында облыс тұрғындары арасында тұтынушылық несие алудың артқанын, соған сәйкес қарыз жүктемесінің жедел өсіп келе жатқанын жазған болатын.

2020 жылы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша облыс тұрғындарының банктен алған тұтынушылық несиесі 161 миллиард теңгені құраған. Бұл – республикалық көрсеткіштен 2 есе жоғары. 2015 жылдан бері соңғы бес жыл ішінде тұтынушылық несие көлемі аймақта 1,9 есеге өскен, ал бұл уақытта азаматтардың жалақысы 1,5 есеге ғана артқанын айта кету керек.

– Тұтынушылық несие талдауы көрсеткендей, несиенің бұл түрінің көлемі халықтың кірісіне қарағанда 1,5 есе тез өсуде. Бұл пандемия салдарынан халықтың әлеуметтік әл-ауқатының нашарлауы аясында әлеуметтік шиеленістің катализаторына айналуы мүмкін. Ойланатын жағдай», – дейді.

«Пандемия шынымен бәрін өзгертті. Қаржылық жағынан қиналып, азық-түлік, киім, дәрі-дәрмек қымбаттай түскенде, балалар онлайн оқитын кезде қиындық болды. Үш балам да мектеп оқушысы. Сол кезде несиеге телефон сатып алдық. Бөліп төлейтін болған соң оңай көрінгенімен, ай сайын уақытылы ақша салып отыру да шығын. Бастысы азық-түлік жеткілікті, шүкір дедім. Себебі әлі күнге дейін «Kaspi Red» арқылы азық-түлікті бөліп төлеуге алатын таныстарым бар», – дейді Айзада Жақсылықова есімді қала тұрғыны.

Азық-түлік үшін қарыздану – халық мұқтаж-дығының көрінісі. Тұрмысқа қажетті заттардың, техниканың, азық-түліктің бағасы шарықтаған күрделі кез жұмыссыз, көпбалалы отбасылардың жағдайын одан әрі қиындатып, несиеге жүгінген жөн екенін көрсеткендей. Дегенмен аз пайызбен, ұзақ уақытқа бөліп төлеу арқылы несие алу «ауырдың асты, жеңілдің үстімен» жүретіндер үшін оңай шешім ғана сияқты.

ҚАРЫЗҒА НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ?

Психологтар адам туындаған мәселені жылдам шешу, бір сәтке бәрін оңайлату үшін несиеге жүгінетінін айтады. Бірақ шын мәнінде қарыз алу – өзіне, ақша табу қабілетіне сенімсіз адамның әдеті. Ал ауру қалса да, әдеттің қалмайтыны айтпаса да белгілі.

Экономист Жарас Ахметовтың пікірінше, Қазақстанда банктер үшін халық қарыз алушы ғана. Тұтынушылық несиенің өсуі қауіпті дуние емес. Жинаған қоры жоқ, табысы төмен халық несиеге жүгінеді. Қажеттіліктерін қарыз алып қана қанағаттандырады. Алайда несие берер кезде екі жақ үшін де қарыз беру мен алудың барлық шарты сақталуы қажет. Пайыздық мөлшерлеме мен банктың шартына мән бермегендер кейіннен шатылып, қарызын қайтара алмайтынын білгенде, қашқынға айналады. Осылайша бір қарызын жабу қайта несие алып, қашып жүргендер қаншама.

Мұның бәрі айналып келгенде елдің қаржылық сауатсыздығын білдіреді. Сондықтан білім ордаларында оқушылар мен студенттерге, жұмыс орындарында орта буындағыларға осы бағытта білім беруді қолға алатын уақыт жеткен сынды.

Қанша уақыт өтсе де банктердің ұраны: «Қарыз, қарызды беру – парыз» болып қала бермек. Тұрғындардың бір бөлігі несиені кешіруді өтініп, президенттен көмек сұрауға да көшті. Бірақ бар жауапкершілікті мемлекетке артып, қаржылық қиындық туындағанда қабылдаған шешіміміздің жоққа шығару мәселені шешпейді.

Дина БӨКЕБАЙ

КІТАПХАНАШЫ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚҚА АЙНАЛДЫ

Өткен жылы елордалық депутат Мирас Шекенов барлық бұқаралық кітапханаларды жабуды ұсынды. Халық қалаулысының пайымынша, бұл мекемелер анахронизм қатарына көшкен, оларды ұстап тұруға бюджет қаражатын шығындау енді орынсыз екен.

Депутаттың бұл пікірі қоғамда үлкен резонанс тудырды. Расында еңбегі еленбейтін, мәртебесі техникалық персоналға тең кітапханашылардың қоғамда беделі төмендеген. Көзқарасты жақсарту мақсатында мәдениет министрі Дәурен Абаев «Кітапханашы күні» мерекесін тойлауды ұсынды. Министрдің ұсынысы Үкімет тарапынан мақұлданып, 24-қазан кітапханашылардың кәсіби мерекесі ретінде бекітілді. Кәсіби мереке қарсаңында сансыз сұрақтың жауабын табуға болатын сиқырлы мекеннің жай-жапсарына тоқталдық.

Сырлы әлем саналатын кітапхана қызметкерлерінің еңбегі елене бермейтіні анық. Байқасақ, бұл саладағы мамандардың 99 пайызы қыздар қауымы. Яғни, ер азаматтар кітапхана ісіне бет бұрмайтыны байқалып тұр. Бұған бір ғана себепті байланыстырсақ болады. Бұл – жалақы мәселесі. Айына 70-120 мың теңге аралығындағы жалақымен баға шарықтаған сәтте отбасын асырау қиындыққа соғады. Салдарынан ерлер кітапханада қызмет етуден қашады. Сондықтан кітапханашы – әйелдердің кәсібіне айналып барады.

Қынжылтатыны сол, тағылымы мол тәрбие ошағына беттемейтіндер көбейген. Яғни қазақ – кітап оқымайтын ұлтқа айналып барады. Қазір кез келген кітапханаға кірсеңіз, оқырманың жоққа тән. Ірі қалаларда кітапханалар ұзақ жыл студенттердің арқасында залын толтырып келді. Ал заманауи шәкірттер бар білімді интернеттен табуға немесе ақылы тапсырыс беруге үйренді. Жуырда өңірдегі Қорқыт ата атындағы университет жанынан «Open space» заманауи кітапханасы іске қосылды. Университет ректоры Бейбіткүл Кәрімова жаңа кітапхана қоғамның ойын дұрыстауға септігізін тигізетінін жеткізді. «Қай кезде, қай заманда болмасын кітап құндылығын жоғалтпайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды», – дейді.

Шындығында жаңа ғасырда батысқа қарап бой түзеу әдетке айналды. Біздің ел бұл салада дамыған елдердің тәжірибесіне жүгінгені жөн. Сонда университеттегідей заманауи кітапхана бөлімшелері көбейеді. Сондай-ақ батыстағыдай барлық кітаптар цифрландырылуы керек. Кітапханалар оқырманның іздеген кітабын тауып берумен шектелмей, ғылыми-зерттеу орталықтарына айналып отыр. Жаппай компьютер қойылған, аудиокітаптарға басымдық берілген. АҚШ кітапханалары үстел-парталардан алшақтап, диван, кресло, пуфқа ден қоюда. Жерге жұмсақ ковролин не кілем төселеді. Климат-контроль жүйесі қолайлы температураны ұстап тұрады. Кітап оқумен бірге тыныңу үшін барынша жағдай жасалғандықтан, жанына маза іздеген жұрт өзі-ақ келеді. Тіпті, кітап оқығысы келмейтіндер жаңа журналдарды парақтап, жұмсақ пуфикте тыныңу, компьютерде жұмыс істеу не тегін интернетті пайдалану үшін бас сұғады. Осының арқасында АҚШ әлемдегі ең көп оқитын ұлт саналады. Тағы бір жайт, елдегі кітапханаларда «оқырман билеті» жоқтар ішке кіре алмайды. Ал АҚШ-та бұқаралық кітапханалардың барлық адамға есігі ашық. Тек кітап, журнал, компакт-дискіні үйге алып кеткіңіз келсе ғана кітапхана карточкасын ашу талап етіледі, маңыздысы сол, ол карта көбіне өзге кітапханаларға және букмобильдерге (көліктегі кітапханаға) жарай береді. Бұл ретте шектеу жоқ. 100 кітап алсаңыз да рұқсат. Ал Қазақстанда қолға берілетін кітап саны шектеледі. Демек, елімізде кітапханалар жүйесін түбегейлі реформалану қажет болады. Әйтпесе, олар оқырмансыз қаңырап бос қалуы ықтимал.

Зере ӘДІЛЕТ

ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӘТТІ

Қолға алған кәсіп берекеге айналып, нәтижесін беру үшін біраз уақыт еңбек етіп, тер төгу қажет. Сонда ғана шаруа шатқаяқтамай, шыңдала түседі. Аймағымызда дайын бетон және темірбетон бұйымдарын шығаратын «LOUIS BETON KZ» ЖШС сөзімізге айқын дәлел. Халық игілігін көздеген зауыт бүгінде қарқынды жұмыс істеуде.

Қазір мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдаудың үлесі басым. Бизнеске бағыт беріп, кәсіпкерлік көркиегін кеңіткен мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігі көп. Жан-жақты қызметімен көпке үлгі болған «LOUIS BETON KZ»-те «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында «Даму» қорының мемлекеттік қолдауына ие болған. Бүгінде кешеннен құрылысқа қажетті дүниені оңай табуға болады. Мұнда қазір темір-бетон бұйымдар, стандартты емес көлемдегі жабын плиталар және жол, жаяу жүргінші жол жиектері, маркалы тауарлық бетондар дайындалуда. Орталықтағы кәсіби мамандар зауыттан шығарылатын әрбір заттың сапалы болуына аса мән береді. Себебі тұтынушылардың оң бағасына лайық болу – басты мақсат.

Екі жыл бұрын іргетасы қаланған шағын зауыт аймағы жалға алынған. Мұнда негізгі қоспалар саналатын тас Жаңақорғаннан, цемент Геджубадан жеткізіледі. Жергілікті өнім болған соң аталған бұйымдардың нарықтағы бағасы әлдеқайда арзан.

Соған сай тұрғындардың да бетон өнімдеріне сұранысы жоғары.

– Қазіргі таңда зауытта қырыққа жуық адам жұмыспен қамтылған. Бізде бетон бұйымдарының сапасына бейжай қарамайтын жауапты мамандар бар. Олар әзірге бір ауысымда өнімді еңбек етіп, облыстың экономикалық әлеуетінің артуына ықпал етуде, – дейді «LOUIS BETON KZ» серіктестігінің директоры Дәулет Асанұлы.

Еңбек адамдарының қашанда қолдауға, жан-жақты құрметке лайық екені анық. Осы ұстанымды зауыт басшылығы әрдайым қаперде ұстайды. Мұның айқын дәлелі, зауытта қызметкерлер үшін барлық жағдай жасалған. Мысалы, кәсіп иелері жұмысшылардың көлікпен, түскі аспен қамтамасыз етілуіне баса назар аударған. Салық, медициналық сақтандыру қорына берілетін төлемнен бөлек қызметкерлер 150-300 мың теңге көлемінде жалақы алады. Мұның өзі еңбек адамдарына берілген үлкен қолдау екені сөзсіз.

Бүгінгі таңда кешенде өндірілетін бұйымдарға тұрғындар тарапынан сұраныс жоғары. Сол үшін алдағы уақытта бетон зауытына тапсырыстың көлеміне сай екі ауысымды жұмыс режимін енгізу жоспарланып отыр. Бірақ кәсіп иелері екінші ауысымға жұмысшылар таппай отырғанын айтып, кешендегі негізгі мәселені бөлісті. Қазіргі таңда жұмыссыз жастардың саны аз емесі белгілі. Бұл жағдай облыстағы NEET көрсеткішіне айтарлықтай әсер етуде. Осы орайда бетон зауытында бос жұмыс орнының болуы екі қолға бір күрек іздеген жастар үшін үлкен мүмкіндік екені рас.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданың» арасында еңбекті ел келешегі үшін маңызды фактор деп атағаны көпшілікке мәлім. «Дамыған, өркениетті ел боламыз десек, еңбекті ең басты орынға қоюымыз керек. Еңбекқорлық өскелең ұрпақтың бойына сіңген қасиет болуға тиіс. Бұл қасиет біздің өмір салтымызға айналуы керек. Масылдық ниеттен, бос сөзден арылуымыз қажет. Тәуелсіздікті нығайтуға нақты іспен үлес қосу – әр азаматтың перзенттік парызы. Еңбек адамы біздің қоғамда қашанда құрметке ие болады. Себебі еңбекқор адам өз сөзін әрдайым іспен дәлелдей алады», – деген еді Мемлекет басшысы.

Осы орайда зауытта дайын бетон өнімдерін басқаратын Айбектің еңбек жолы қарапайым болса да көп жасқа үлгі болып келеді.

– «LOUIS BETON KZ» серіктестігіне келмес бұрын аймақтағы «Мелиоратор» мекемесінде қатардағы жұмысшы болып қызмет еттім. Екі-үш жыл тәжірибе жинаған соң, бір цехтың тізгінін ұстадым. Тек еңбек ете беру керек. Еңбек бар жерде береке болады», – дейді Айбек Бажиев.

Еңлік ЕРТАЙҚЫЗЫ

ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІПТЕ БЕРЕКЕ БАР

Мағжанның дүкенінде ерекшелік көп. Әсіресе, үйге қажетті дүниенің бәрі бар. Мағжанның келіншегі де кәсіпке бейім. Ыдыстар үйінің бірінші қабатынан «Дом моды» деп дүкен ашып берген. Онда қыз-келіншектерге арналған түрік киімдері сатылымда. Осылайша жас отбасы бірге кәсібін деңгелетіп отыр.

– Біздің отбасылық бизнесті дамытып келе жатқанымызға көп уақыт болды. Жақын арада келіншегіме өзі қалаған кәсібін ашып бердім. «Ыдыстар үйінің» бірінші қабаты өзінің жауапкершілігінде. Әлеуметтік желі арқылы тапсырыс қабылдап, тапсырып жіберіп отырмыз. Тұтынушыны да инстаграм арқылы алып отырғанымыз жасырын емес. Сосын «Ыдыстар үйі» ескі базарда орналасқан, оған келушілер саны жетерлік. Біз сұраныстағы, жаңа үлгідегі затарды әкелуге барынша тырысамыз. Жаңа келген тауарлар бірден өтіп кетеді. Кесе құманшасы, ваза, тәрелкелер де сұраныстағы заттар. Сондай-ақ гранаттың шырыны денсаулыққа пайдалы деп, базардан әр бұрышында литрлеп сатып жатыр. Сондай аппараттың да түр-түрі бар. Олар да жақсы өтеді, қазір техника жақсы дамыған. Күбі пісіретін апаратты да алатындар жетерлік, – дейді ол.

Иә, екі этажды ыдыстар үйінде керектінің бәрі бар. Қай кезде көрсең адам арылмайды. Ұзын-сонар кезекті де сол жақтан жолықтыруға болады. «Kaspi red» дейсіз бе, несие дейсіз бе барлық жағдайды қамтып қойған.

– Жақында әке атандым. Екі перзентім бар. Атасы Иса деп азан шақырып есімін қойды. Мен бірінші орынға отбасымды қоямын, олардың амандығы, саулығы бәрінен жоғары. Бизнесімді 0-ден өзім бастаған жоқпын. Дайын бизнесті әке-шешемнің жұмысын жалғап, әрі қарай жүргізіп келемін. Кәсіп болған соң әр түрлі жағдай кездесіп тұрады. Олардың барлығын ата-анамның сүйеніші, қолдауы арқылы өтіп келемін. Бірден танымал кәсіпкер бола салмағанымды айттым. Базарда 5 теңгелік пакет те, су да саттым. Автобуста кондуктор да болдым. Кез келген жұмысты істеп өстік, қиындықпен де бетпе-бет келдім. Бірақ кәсіпкер атану үшін бәрін де жеңе білу керек, – дейді жас кәсіпкер.

P.S. Бизнесті бастау бөлек, дайын бизнесті алып кету мүлде бөлек. Мағжан кәсіппен айналысам деген жастарға тәуекел етуге, неден болсын қорықпай, бар жігерімен беріліп істеу керегін алға тартады.

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

Кәсіп жүргізудің амал-тәсілі көп. Көкейдегі идеяны жүзеге асыру арқылы армандаған бизнеске қол жеткізу оңай. Алайда отбасылық кәсіпті деңгелетудің жөні бөлек, жауапкершілігі мол. Осы орайда бүгінгі кейіпкер, көпшілікке танымал «Ыдыстар үйі» дүкенінің өгесі Мағжанның кәсіп тарихи оқырманға ой салары анық. Бүгінде әке-шешесінің ісін жалғап келе жатқан ол дүкеннің әлеуметтік желідегі парақшасын жүргізу арқылы тұтынушы тартуға бейімделген. Оның парақшасы ұтыс ойындарын ойнату, жеңілдіктерді жариялау тәсілімен тез танымал болды.

ҚАРЖЫНЫ ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Тұрақты табыстан айырылу, денсаулықтың нашарлауы, инфляция және экономикалық тұрақсыздық – көз көлген адам көзігуі мүмкін тәуекелдер. Жағдай сізді әбігерге салмау үшін бірнеше принципті сақтау жеткілікті. Бүгін қаржыны сақтаудың бірнеше әдісімен бөлісудің сәті туды.

Өзгерістерге тез бейімделу үшін икемді болуы, түрлі тәсілді пайдалану пайда әкеледі. Әрине, ешкім сала мамандықтарын жойған жоқ, бірақ мамандығыңыз көпсалалы болса, әртүрлі дағдыны дамытқан дұрыс. Өзіңізді қорғаудың оңай нұсқасы – қауіпсіздік жастықшасын жасау. Сарапшылар барлық табыстың 10%-дан 20%-ына дейінгі бөлігін үнемдеуді ұсынады. Егер табысыңыздың 80%-ы тұрақты шығындарға кетсе, қалғаның кем дегенде жартысын бөліп, қалған жартысын өзіңізге жұмсаңыз.

Табысты дұрыс бөлуге алты құмыра әдісі көмектеседі. Бірінші құмыра жалпы бюджеттің жартысынан сәл астамын алады – 55%. Бұл ақша коммуналдық төлемдерді төлеуге, азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешек және басқа да қажет шығындарды өтеуге арналған. Шығындардың басқа түрлері сияқты соманың ең көп бөлігін, мүмкіндігінше, жеке резерв қорына бөлуге де болады. Бәрі өз мүмкіндігіңізге қарай.

Ең дұрысы, қаржы жастығы 3 айдағы жалақыңыздың сомасына тең болуы керек. Ай сайын 200 мың теңге алатын болсаңыз, жұмыстан босатылған немесе табысыңыздан айырылған жағдайда 600 мың теңге жинақтауыңыз керек. Сіз әрі қарай жүріп, осы сомаға 3 айлық тұрақты шығындарыңызды қоса аласыз. Мысалы, бұл – ай сайынғы 100 мың теңге шығын. Сонда қаржылай қауіпсіздік жастығы 900 мың теңге болады. Бұл қиын кезеңнен өтуге көмектеседі және жаңа жұмыс табу үшін жеткілікті уақыт болады.

Егер қымбат зат сатып алу немесе шетелге сапар жасау мақсаты болса, қаржы жоспарын құру оған да жетуге көмектеседі. Мақсаттың нақты болуы және жинақталуы қажет нақты мөлшерде көрсетілуі маңызды. Жоспары бар шығындар мен кірістер кестесі болған кезде, нақты уақытты сақтау оңайырақ. Бірдеңе дұрыс болмаса да, бәрі бақылауыңызда деген психологиялық сезім тудырады. Күтпеген жағдайларда белгілі бір ақша ағындарын қайда аударуға және ақша үнемдеуге болатынын білесіз.

Сондай-ақ мамандар жеке жұмыс уақытының құнын есептеуді ұсынады. Орташа алғанда, Еңбек кодексіне сәйкес, айына 168 сағаттан аспайды. Оның қолына 168 мың теңге түсті делік, яғни оның жұмыс сағатының құны – 1000 теңге. Мәселен, бір шыны кофе сатып алып, оған ақша табу үшін қанша уақыт жұмсағаныңызды білесіз.

Сарапшының айтуынша, егер сізде әртүрлі валютада депозиттер болса, онда негізгісі ең жоғары өтімді активте болуы керек. Яғни, сіз өмір сүретін валютада. Мәселен, теңгедегі депозит 13% делік. Мұндай депозитті 2 жыл бойы ұстай отырып, үстіңгі 26%, ал доллармен тек 2% аласыз. Осылайша, екі жыл бойы теңгемен емес, доллармен депозит сақтасаңыз, қазір сіз 6% жоғалтыңыз. Ал теңгемен ұстаса, доллар айырмасын толтыра алар еді. Иә, теңгедегі барлық жинақты дер кезінде тез алып, кейін долларға айырбастауға болатын алыпсатарлық факті бар.

Дағдылар – инвестиция. Неғұрлым көп білсеңіз тұрақсыздық кезеңінде өзіңізді сөгұрлым сенімді сезінесіз. Өзгеретін нарықта қолдануға болатын дағдыларды дамытыңыз. Білімге инвестиция салу әрқашан сұраныста ие.

Берен ШАҒЫРОВ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ДАМУ БАР МА?

Кез келген мемлекет үшін адам өмірі мен оның құқықтарынан жоғары құндылық жоқ. Себебі, басты капитал да адамның денсаулығы десек, қателеспейміз. Мемлекеттік міндетті іске асыруда да медицина, білім беру, құқық қорғау саласының жүйелі жолға қойылуы маңызды секілді. Әсіресе, елдің болашағы – балалардың денсаулығы ерекше назарға алынуы тиіс.

Биыл мектеп медицинасын қаржыландыру үшін 27,5 млрд теңге қарастырылған. Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиназт жыл соңына дейін 17 ерте араласу орталығы ашылатынын жеткізіп, нәтижесінде жаңа туған шақалақтан бастап, 3 жасқа дейінгі аралықтағы 10 мыңға дейін баланың ем қабылдауына мүмкіндік туатынын айтты. «Балалар жылында» балалардың денсаулығы үшін тағы қандай жұмыстар атқарылмақ? Жалпы өңірдегі денсаулық сақтау саласының хәлі қалай?

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының назарынан балалар денсаулығы тыс қалған емес. Қыркүйекте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ведомство басшысымен бірге денсаулық сақтау қызметкерлерін қолдау, ана мен бала өлімін барынша азайту және қажетті орынмен қамту мақсатында жаңа перинаталдық орталық құрылысын салу сынды ортақ мәселелермен пікірлескен болатын. Аймақ басшысы ана мен бала өмірін сақтауға қажетті барлық шараларды қабылдауға дайын екендігін атап көрсетті. Сондай-ақ, министрлікпен бірге кешенді жұмыстарды жалғастыруға ниетті.

350 төсектік перинаталдық орталықта денсаулық сақтау министрі жаңа туған нәрестелер реанимациясы және қарқынды терапия бөлімінде жатқан балаларды бақылап, ерте босанған аналармен кездесті. Аталған бөлімге аса ауыр жағдайдағы әрі назар аударуды талап ететін нәрестелер, салмағы 500 грамм және одан жоғары балалар түседі.

Балалар денсаулығын жақсарту миллиардтаған қаржы бөлуден бұрын сапалы қызметтен, мықты кадрларды тартудан басталады. Биыл елімізде медициналық жоғары оқу орындарын бітірген 2692 түлектің 104-і Қызылорда облысында жұмыс істейтін болады.

«Өздеріңіз білетіндей, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Балалардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде министрлік алдын алуға ерекше назар аударатын болады. Осыған байланысты жүргізіліп жатқан зерттеулердің ағымдағы көлемін ескере отырып, балаларды профилактикалық тексеру пакеттері кеңейтіледі.

Сонымен бірге республика бойынша ауылға жұмыс істеуге баратын жас мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары көзделген. Осы ретте, Қызылорда облысында 25 маман көтерме жәрдемақы алса, 1 маман тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Ал 1 маман басқа да әлеуметтік қолдау шараларына ие болды. Сонымен бірге өңірге амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде 6,6 млрд теңгеден астам сомаға дәрілік заттар, ал стационарлық көмек шеңберінде 6,4 млрд теңгеден астам сомаға дәрілік заттар сатып алу жүзеге асырылды. Бұдан өзге биыл әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға көбейеді, – деді Ажар Ғиназт.

АУЫЛДАРҒА – 27 АМБУЛАТОРИЯ

Ауылдық жерлерде ауырудың жоқтығы, басы ауырып, балтыры сыздаған адамның арқаланып, аудан, облыс орталығына баруына мәжбүр еткені жасырын емес. Министрдің мәліметінше, елімізде 200-ден астам ауылда медициналық мекеме атымен жоқ. Бұл – өте өзекті мәселе. Бұдан бөлек ауылдарда алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының медициналық инфрақұрылымының 50%-дан астамы тозған. Тіпті, кей ауылдық жерлерде дәріхана пункттері жоқ. Дегенмен министрлік шешімі бойынша алдағы уақытта бұл мәселелер шешімін таппақ. Яғни, халық саны 50-ден 500 адамға дейінгі елді мекендерде медициналық пункт, ал халық саны 500-ден 1500 адамға дейінгі ауылдарда фельдшерлік-акушерлік пункт ашылады. Өңірлік медицина саласы да жақсы жаңалықтан тыс қалмады. Айта кету керек, «Ауылдық медицинаны жаңғырту» жаңа ұлттық жобасы аясында Сыр еліндегі мекендерде 27 дәрігерлік амбулатория салынатын болады.

Облыс бойынша 237 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысаны жұмыс істейді. Министр ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру туралы айта келе, Қызылорда облысында ауылдық жерлерде 27 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар жоба аясында жалпы 32 көпбейінді аурухана, оның ішінде өңірдегі 4 орталық аудандық аурухана ұйымдастыру жоспарлануда. Көпбейінді ауруханалар базасында инсульт және кардиологиялық орталықтар, медициналық оңалту, травматология, хирургия, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері, триаж жүйесі бар қабылдау бөлімшесі ашылады.

АЛҒАШ РЕТ ТАБАНҒА ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Жақында Арал қаласынан табан жарақаты бар кішкентай пациент шұғыл түрде аудандық ауруханаға, содан кейін облыстық балалар ауруханасына жеткізіліп, операция сәтті жасалды.

Қыздың анасы Айшолпан Өміржанованың айтуынша, үш жасар Гүлбағым көршінің мотоциклінің жанында ойнаған. Темір құрылғы сәбидің сол аяғына құлаған. Ал компьютерлік томографияда топайсүйекасты буынының шығуы және табанның пронациясы белгілерімен топайсүйектің сынуын (жылжып сынуын) анықтап, оған операция жасау қажет болған.

Облыстық балалар ауруханасының ортопед-травматологы Олжас Құрбанбаев:

«Практикада мен мұндай табан жарақатын бірінші рет көрдім. Травматологиядағы топайсүектің жылжып сынуы сирек кездеседі және ауыр жарақат тобына жатады. Топайсүйек арқылы дененің бүкіл ауырлық қысымы табанға беріледі. Бұл ешқандай бұлшықет жоқ жалғыз табан сүйегі. Аваскулярлық некроз, дегенеративті артроз секілді асқыну қаупі бар. Мүгедектік деңгейі жоғары. Жас организм бұл жарақатпен күресіп, тез түзеледі деп үміттенемін», – деп атап өтті.

Дина БӨКЕБАЙ

МАМАН КЕҢЕСІ

«САУ ТІСТІҢ СЫРЫ – КҮТІМДЕ»

Күләш ТӨЛЕПОВА, стоматолог:

– Тісті қалай күту қажет? Адамдардың жиі жіберетін қателіктері қандай?

– Ауыз қуысын күніне екі рет тазалап тұру керек. Жарты жылда бір рет тіс дәрігеріне қаралып тұру керек. Тісіңіз сау болса да, профилактика артық етпейді. Одан кейін жаңғақты тіспен шағу, бөтелкені тіспен ашу дегеннен мейлінше аулақ болған жөн. Суық пен жылының да тепе-теңдігін сақтаған жөн.

– Қазақстанның стоматология саласында қандай қиындықтар бар?

– Қиындықтар өте көп және оны түрлі қырдан қарауға болады. Біріншіден, өңірлерді сапалы стоматология аз, адамдар не сапасыз қызметке душар болады не алыстағы облыс орталықтарына баруға мәжбүр. Екіншіден, маман тапшылығын айтсақ болады, әсіресе балалардың тістерін емдейтін маман өте аз. Мүмкін, бұл балалармен жұмыс істеудің қиындығынан болар... Одан кейін халықтың өз денсаулығын күтуге деген дұрыс сана-сезімінің болмауы. Біз ауруымыздың асқынғанын аяғына дейін күтіп, сосын ғана дәрігерге барамыз. Мұндай жағдайда көбіне дәрігерлер қауқарсыз болып жатады. Профилактика жасау, аурудан әлдеқайда арзан екенін адамдар білмейді, білсе де назар аудармайды.

– Стоматология саласында озық дамыған елдер қайсы?

– Бұл жерде көп мемлекетті атауға болады: АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Израиль. Дамыған елдердің бәрінде стоматология жақсы жолға қойылған. Дегенмен, нақты мемлекетті атау қажет болса, медициналық туризм тұрғысынан жауап беріп көрейін. Медициналық туризм дегеніміз кәдімгі туризм секілді, тек мұнда сіз демалмайсыз, емделесіз. Медициналық, соның ішінде стоматологиялық туризм бойынша ең жоғарғы сұраныспа Германия мен Израиль ие. Бұл екі мемлекетте көрсетілетін қызмет сапасы өте жоғары және салыстырмалы түрде қолжетімді. Сол себепті шетелдіктердің көпшілігі осы елдерді таңдап жатады.

– Тіс күтіміне байланысты мифтерді атай аласыз ба? Мысалы, тісті қайта-қайта жуу эмальді бұза ма?

– Мифтер өте көп, сіздің айтқан мысалыңыз да – миф, тісті бірнеше рет жуғаннан эмаль бұзылмайды. Егер тісті тұрақты тазалап тұрмаса, онда тістің шеті тамақ қалдықтарымен қапталады, бұл кейіннен бұзылуына әкеледі.

Сондай-ақ, тісті таңертең емес, таңғы астан кейін тазалау керек деген де пікір бар. Таңғы астан кейін тазалау дұрыс, бірақ таңертең де тазалау керек, өйткені ауыз қуысында түні бойы бактериялар жиналады.

Ауырған тіске спиртке батырылған мақта басу қажет дейтіндер де бар. Бұл өте қауіпті. Ауырған тісіңіз бұдан жазылып кетпейді, есесіне сіз тістің жанындағы етіңізді күйдіріп алуыңыз әбден мүмкін. Тісім ауырмаса, стоматологқа бармауға болады дейтіндерге айтарым, ауыз қуысындағы тістің бұзылуы процесі бастапқыда ешқандай ауырсынусыз өтеді. Ауру – асқынғанның белгісі. Бастапқы кезде тісті емдеу оңай, әрі арзан.

Бұрынғы заманнан қалған стереотиптік миф бойынша, тіс дәрігеріне бару қатты ауырсыну дегенді білдіреді. Қазір заманауи технологиялар мен мүмкіндіктердің арқасында тісті емдеу ауырмайтындай етіп жүзеге асырылады.

– Тісті емдеу арқылы оны аман сақтауға болады. Дегенмен, қандай жағдайда тісті жұлуға тура келеді?

– Заманауи технологиялардың арқасында тісті емдеу арқылы сақтауға болады. Тісті жұлу – өткен заман әдісі. Дегенмен, кейде тісті жұлатын жағдайлар болады. Әсіресе, тіс жиегінің асқынуы салдарынан тіс жұлынады..

Ерсін ШАМШАДИН

ДӘРУМЕНДЕРДІ БІРГЕ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛА МА?

Күз, көктем айларында адам ағзасы дәрумендерді ерекше қажет етеді. Олар иммунитеттің салқын мен түрлі ауруларға қарсы қалқаны десек артық емес. Ағза үшін дәрумен мен қатар минералдар да маңызды рөл атқарады. Алайда аталған пайдалы заттардың бір-бірінен айырмашылығы бар екенін білесіз бе?

Дәрумен мен минерал адам ағзасында жеткілікті болған кезде белсенділік артып, жұмысқа деген қабілет күшейтіні белгілі. Органикалық қоспалар саналатын дәрумендер жылудың, жарықтың, ауаның әсерінен бұзылуға бейім келеді. Сондай-ақ олар суда еритін, майда еритін болып жіктеледі. Дәрігерлердің сөзіне сүйенсек, В тобындағы және С витамині суда ериді. Ал А, Д, Е, К дәрумендері тек майда еруге қабілетті. Сондықтан аталған дәрумендерді майлы тағаммен тұтыну қажет.

Минералдардың басты ерекшелігі, олар органикалық емес қоспалар. Сондықтан дәрумендер сияқты сыртқы фактор әсерінен құрамы өзгермейді. Алайда ағзада минералдар жеткіліксіз болса, қатерлі дертке әкелуі мүмкін. Мысалы, адамға йод жетіспесе, қалқанша безінің жұмысы бұзылып, асқынулар туындайды. Күкірт жетіспесе, шаш, тырнақ, теріге зақым келеді. Сондықтан күніне 100 мг-нан немесе одан да көп мөлшерде кальций, калий, фосфор, натрий, хлор, магний, күкірт сынды минералдар қажет. Ал темір, йод, хром, селен, фтор, молибден, мырыш, мыс, марганец сынды минералдардың тәуліктік мөлшері 100 мг-нан аз мөлшерде болғаны дұрыс.

Дәрумен мен минералдарды қолдану бір бөлек тақырып. Олардың ағзаға сіңуі өз алдына мұқият қадағалауды қажет етеді. Сондықтан аталған пайдалы дүниелер ағзаға пайдалы болуы үшін уақытылы дұрыс қабылдаған жөн. Айталық, кальций дәрменінің сүйекке беріктік беретін қасиетін бәрі біледі. Алайда кальцийдің Д дәрменінсіз сіңбейтіні ғылымда дәлелденген. Сол үшін алдымен Д дәрменін қабылдау керек.

Сондай-ақ дәрумендерді бірге қабылдаған кезде бір-біріне сәйкес келуіне де мән беру қажет. Себебі ағзадағы дәрумендер үйлеспесе, бір-бірінің әсерін басып, сіңімділігін төмендетіп немесе мүлде пайдалы қасиеттерін жойып тастайды. Ал бірге қабылдауға болатын дәрумендер бір-бірінің әсерін күшейтіп, сіңімділігін арттырады. Мысалы кальций мен магнийді, фолий қышқылы мен темірді, А және Е дәрменін бірге қолдануға болады, алайда кальций мен темірді, цинкті, С және В12 дәрумендерін бірге ішпеген абзал.

Дәрумен мен минералды қабылдамас бұрын ағзаның ішкі жай-күйін ескеру қажет. Ол үшін ағзаны тазалап, анализ тапсырып, қай дәрменнің жеткіліксіз екенін білген соң ғана ішкен дұрыс. Себебі көптің кеңесімен жөнсіз дәрумен пайдалану денсаулыққа қатер тудырады.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

«БІР ТУДЫҢ АСТЫНДА»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Ақорда» резиденциясының алдында Республика күніне арналған Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті.

Биыл ұлттық мереке ретінде қайта жаңғырған Республика күнін ел көлемінде атап өту осындай салтанатты шарамен басталды. Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өңірлерде де жалғасуда. «Бір тудың астында» атты жалпыұлттық патриоттар акциясына сырбойлықтар да үн қосып, шараға айрықша әсер сыйлады.

«Рәміздер алаңы» аумағында өткен шараға 2000-нан аса тұрғын келді. Зиялы қауым өкілдері және аймақтық құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік қызметшілер, үкіметтік емес ұйым өкілдері, белсенді жастар көпшілікті отаншылдық сезімге бөледі.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елордада бастау алған патриоттық акция Сыр елінде қолдау тапқанын атап өтіп, жерлестерін атаулы мейраммен құттықтады. Жиын барысында мемлекеттік органдарға жаңадан жұмысқа қабылданған мемлекеттік қызметкерлер салтанатты түрде ант берді.

Ұлттық мереке соңы патриоттық әндерге ұласып, авто, мотошерумен аяқталды.

ЖАС ПАТРИОТТАР САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АНТ БЕРДІ

25 қазан – Республика күні мерекесі қарсаңында «Өркениет» медициналық колледжінің студенттері «Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының қатарын толықтырып, салтанатты түрде ант берді.

Шара басында медицина колледжінің басшысы Анар Жүндібайқызы сөз сөйлеп, жас патриоттардың батыл қадамдарына сәттілік тіледі. Қатысушылар мен қонақтар оқу орнының салтанатты шараға арнайы дайындаған өнерлі студенттерінің концерттік бағдарламасын тамашалады.

Айта кетсек, «Өркениет» медициналық колледжінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы Ғалымжан Тантақовтың бастамасымен алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинеті қайта жөндеуден өтіп, жастардың әскери дайындықтарын жетілдіруіне жол ашып, керек құралдармен жабдықталды.

Ант беру рәсімі алдында патриот жастардың жүзінен қуаныш сезімдері байқалып тұрды. Ал кейбірі осы ант беру рәсімін асыға қуткендерін де жасырмады. Клубтың болашақ мүшелері ел игілігі жолында адал қызмет етуге сөз беріп, «Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының қатарын толықтырғандарын мақтан етті.

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының қатарына қосылдық. Бұл – мен үшін мақтаныш. Бала кезден әскери адам болуды армандайтынмын. Міне, осы ант қабылдауым сол арманымның бастамасы деп ойлаймын», – деді «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшесі Досмат Келжан.

Қызылорда гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы лейтенант Мұхит ҚОНАРОВ

«ӨНЕРІМІЗ САҒАН, ҚАЗАҚСТАН!»

Қызылорда облысында 25 қазан – Республика күні мерекесінде «Өнеріміз саған, Қазақстан!» фестивалі өтті. Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен өткен шараға өңірдегі этномәдени бірлестіктің өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Мерекелік шара басталмас бұрын ҚР Әнұраны шырқалды. Мұнан соң облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директорының міндетін атқарушы Айбек Дайрабай фестивальге жиналған қауымды мерекемен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

– Баршаңызды айтулы мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бұл күн ұлттық мерекелер тізбесіне еніп, тарих беттеріне алтын әріптермен жазылады. Ел Президентінің осы күнді қайта жаңғыртуы үлкен мағынаға ие.

Достық үйінде мерекеге орай этнос өкілдерінің қатысуымен өнер фестивалі өтуде. Тәуелсіз еліміздің өркендеу жолында әрбіріміздің жасап жатқан игілікті істеріміз жемісті болсын. Еліміздің әл-ауқаты артып, әр шаңырақта бейбітшілік пен бақыт салтанат құрсын. Мереке күні баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, саулық, құт-береке тілеймін, – деді.

Шарада этномәдени бірлестіктердің өнерпаздары би билеп, ән орындалып, кештің көркін келтірді. Халық арасындағы достық пен ынтымақтастық нығая берсін деген аңқарма тілектер айтылып, қатысушылар көңілді күйде тарқасты.

Ғаламтордан белгілі эстрада әншісі Нұрболат Абдуллиннің көзіне жас ала орындайтын белгілі әні бар. «Менің әкем – ең жақсы адам» деп аталатын мұңлы әуенді естісем болды, алыс ауылдағы әкем еске түсіп, менің де көңілім босайды. Қыз бала болған соң, әрине, көңілшек көлетін әдетіміз емес пе? Дәл солай ән арнап, жыр жазбасам да осы бір кішкентай мәтінмен, асқар тауыма алғысымды жеткізгім келді.

БӘЙТЕРЕК

Әкем Айдос Иманов жиырма бес жылға жуық білім саласында тер төккен азамат. Ата-анасының жолын қуып, Қорқыт ата атындағы университеттің «Физика және математика» мамандығын таңдаған. Жас маман ретінде туған ауылы Қазалы ауданына қарасты Майдакөл елді мекеніндегі №98 орта мектебінде еңбек жолын бастаған еді. Иә, біздің әуеттің мұғалімдік жолмен жүрген жалғыз ол ғана емес. Әкемнің інісі де тарих пәнінен сабақ береді. Ал мен ағылшын тілін игеріп, Қызылорда қаласындағы мектеп-гимназияда шәкірт тәрбиелеп жүрмін. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы шығар. Бұл мен үшін зор мақтаныш.

Дүниеде мамандық атауының төресі – ұстаз бен дәрігер деп жатамыз. Әкем білім саласына бар жан-тәнімен беріліп, шәкірт дайындауда өзіне зор талап қойған жан.

Екіншіден, менің әкем – менің идеалым. Жеке қасиеттері, өз ісінің нағыз маман болуы, отбасы мен ағайын-туысқа қамқорлығы, ұжымға деген қорғанышы, осының барлығы бізге үлгі. Өз басым әкеме қарап, мұғалім болуды армандадым. Әрі сол даңғыл жолға қадам басқаныма екі жылдың жүзі болды. Әрі әкем жеткен жетістікке жетсем деймін.

Иә, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні төмір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан мен мал бағып тер төккен шопан да ұстаздан тәлім алған. Тіпті көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де мектеп партасынан шықты. Бәрі де мұғалім дейтін қасиетті мамандық арқалағанның алдын көрді. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деп француз ойшылы Жан Жак Русто айтқандай, олардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеуге үлес қосар бірден-бір адам осы.

Расымен тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым ізетпен еске алғаны мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын Аристотельді, Абылай хан Төле биді, Шәкәрім Абайды, Жамбыл Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. Олар өмірде бағындарған көп асуларына ұстазының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екенін жақсы түсінген.

Мақала басында айтқандай, әкем Айдос тек мықты ұстаз ғана емес, білікті басшы. 2018 жылдан бері өзі оқыған №98 орта мектепте директор. Өзінің мамандығын көшбасшылығымен байланыстыра білген маман. Көшбасшы болу оңай емес. Бұл адамның ішкі күшінің, өзіне деген сенімділігінің көрінісі. Менің ойымша, олардың бойында ынта, тіл табу, ұйымдастырушылық және талап қоя білу, білім, білік және дағды. Бұл қасиеттер менің әкемнің бойынан анық көрінеді. Жалпы топ болып жұмыс істеу өте қиын, ал оны басқару одан да ауыр. Осындай жауапкершілікті мойнына артқалы әкемнің еңбек жолында мектеп тарихында болмаған «Алтын белгі» иегерлері шықты. Облыс әкімі мен облыстық кәсіподақ ұйымының, аудан әкімінің бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды. Мектеп оқушылары аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаларға қатысты, жүлделі орындарды жеңіп алды. Әр оқу жылында бірнеше түлек грант иегері атанып, ата-аналарын қуанышқа бөлеп жүр. Әкем сондай-ақ ардагер ұстаздарды ұдайы құттықтауды ұмытпайтын. Білім шаңырағына шақырып, еңбектері үшін алғыс айтудан жаңылған емес.

Рухани тұлғамыз Жүсіп Баласағұнидың «Ізгі атымен ғана ер алғысқа бөленеді» дейтін қанатты сөзі бар. Осы дарыған ізгіліктің бәрі үлкендердің батасы, өзі оқытқан оқушылардың ата-аналарының алғысы деп білемін.

Сіздің маған берген шабытыңыз бен қолдауыңыз болмаса, мен ешқашан бүгінгідей жетістікке қол артпас едім. Рақмет, бәйтерегім!

Фариза ЖАМЕТ,
№212 мектеп-гимназия мұғалімі

ШЫТЫРМАН ШЕБЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Қазақ детектив жанрының атасы атанған белгілі жазушы, ҰОС ардагері Кемел Тоқаевтың Кеңес чекистері тақырыбына арналған 10-нан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі жариялаған әдеби бәйгелерде бірінші бәйге алып, төрт мәрте лауреат атанған жазушы – «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?», «Сиқырлы сырлар» деп аталатын шығармалардың авторы.

Кеше Кемел Тоқаев атындағы V республикалық детектив шығармалар байқауы мәресіне жетті. Бесінші рет өткізілген байқаудың басты мақсаты – кенжелеп қалған жанрды қайта жандандыру арқылы детектив жазуға ынталылар қатарын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырманды жаңа авторлардың шығармашылығымен таныстыру. Осыған орай Әбділдә Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап кітапханасында 4 жыл ішінде байқаудан жүлдегер болған шығармалар «Шытырман» деген атпен жарық көрген жаңа жинақтың тұсаукесер рәсімі өтті.

Кітапсүйер қауымды қуантқан игі шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС директоры Досымбек Өтегалиев пен басқа да зиялы қауым өкілдері, жергілікті басылым журналистері қатысты.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов шытырман шығармалар байқауының Сыр елінде ұйымдастырылғанына қуанышты екенін жеткізіп, жаңа жинақ оқырмандардың көңілінен шығатынына тілек білдірді.

«Шым-шытырық оқиғалардан құрылған детектив жанры бір қарағанда оңай болып көрінеді. Алайда, түсіне білген адамға бұл жанр өте күрделі екені белгілі. Бүгін Сыр елінде осы байқаудың қорытынды шарасы өтеді. Қаламынан тың туынды тудырған шығарма иелеріне сәттілік тілеймін», – деді Нұрымбет Аманұлы.

Айта кету керек, Достық үйінде республикалық детектив шығармалар байқауының жеңімпаздары марапатталды. Астана қаласынан келген жазушы Айгүл Кемелбаева «Түтін» шығармасы үшін, ал қызылордалық Тұрақ Ахетов «Оралманның ойраны» шығармасы үшін жүлделі III орынды иеленді.

«Заң газеті» республикалық басылымының ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін шығармалар байқауы – шытырманға толы оқиғалармен қатар, қылмыстың алдын алуда, қылмыстық іс бойынша әділ шешім қабылдауда міндеттерін адал атқарып жүрген сала мамандарының еңбегі туралы қалам тербеген отандастарымызға жаңа мүмкіндік, еліміздегі детектив шығармаларының дамуына жаңа серпін беріп келеді.

II орынға «Тылсым түннің құпиясы» шығармасы үшін Б.Жалиева (Ақтөбе облысы) мен «Қалықтап жеткен ұн» шығармасы үшін Н.Шынтаев (Алматы облысы) лайық деп танылды. Бірінші орынмен «Үтіктегі қан» шығармасы үшін А.Әбілов (Қызылорда облысы) марапатталды. Ал 106 шығарманың арасынан жүйрік шыққан А.Өмірбаевтың (Жетісу облысы) «Қылмыскердің күлкісі» шығармасына бас жүлде бұйырды. Жеңімпаздарға арнайы 1 млн, 750 мың, 500 мың мен 300 мың теңге көлемінде қаржылай сертификаттар табысталды.

Биылғы байқау алдыңғы жылдардан өзгерек болып тұр. Себебі, «Оқырман таңдауы» номинациясы мен меценат Арман Тоқсанбайдың арнайы жүлдесіне лайық шығармалар да марапатқа ие болды. Сая Исабай (Алматы облысы) арнайы жүлдеге лайық деп танылса, оқырман қауым таңдаған үздік шығарма алматылық Дидар Қосылбековке тиесілі. Сонымен қатар Қызылорда облыстық соты төрағасының арнайы жүлдесін «Тергеу аяқталған жоқ...» шығармасы үшін Б.Қалаубай жеңіп алды.

– «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы детектив шығармалар байқауын 2018 жылдан бері ұйымдастырып келеді. Алғашқы жылы редакция қоржынына 72 шығарма түскен болатын. Биыл 106 шығарма байқауға қатысуда. Бүгінде детектив жанрына қызығушылық танытып жатқан азаматтар мен қаламгерлер қатары артып келеді. Алдағы уақытта да дәстүрді бұзбай бұл байқауды әр өңірде ұйымдастыру жоспарлануда.

Үміткерлер еңбегін сенатор Мұрат Бахтиярұлы, жазушы Серік Әбікенұлы, Қызылорда облыстық сотының Соттар әкімшісі Сағатбек Сүлеймен, Ә.Тәжібаев атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас, «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС директоры Досымбек Өтегалиев төрелік етті, – деді «Заң газетінің» бас редакторы, ұйымдастыру алқасының мүшесі Айнұр Сембаева.

Дина БӨКЕБАЙ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ - БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Білімді ұрпақ – болашаққа бастар жол. Иә, бұл сөздің түпкі мән-мағынасын ашып,кеңінен түсіндірмесек те жас ұрпаққа тікелей қатысты дүние. Себебі еліміздің биіктерден көрініп жоғары өрлеуі осы келешек жастардың қолында. Ал өскелең жас ұрпақты жастайынан оқуға баулып, оларды дұрыс әрі таза жолға бағыт-бағдар беру әрбір үлкен буынның қазіргі міндеті. «Тәрбие-тал бесіктен басталады»,- демекші, болашақ ұрпақтың білімді, саналы, еліне деген сүйіспеншілігінің жоғары болуына себепкер – балалық шағынан алған тәрбиесі.

Болашақ – жастардың қолында. Әрбір жас буын мектеп қабырғасында білім алған шағынан бастап бұл сөзді өздеріне ант етіп қабылдауы керек. Өйткені алдағы күні мен болашағының жарқын болуын ойлап, өзіне артылған зор үмітті сезінуі тиіс. Өз болашағымен қатар елінің гүлденуі мен көркеюі, үлкен дәрежеге жетіп өрлеуі жайында да саналы түрде жауапкершілігіне алып, болашағынан үміт күттірер азамат болып өсуі осы жастарға парыз болмақ.



Бүгінде мемлекетіміз бен жас ұрпақтың арасындағы байланыс өте зор. Әрбір халықтың жоғарыға өрлеуі мен дамуы әр халықтың өз жастарына тәуелді екені анық. Егер де бүгінгі жастар өз халқының сана-сезімі, рухы, тәрбиесінен нәр алып өспесе, онда сол елдің кемел келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені ұлт мұрасы, ұлт қазынасы осы жас ұрпаққа мол мұра болып, аманат етіліп сақталуы тиіс.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек».

Нағыз өз елі үшін жаралған, оның гүлденуі мен жоғарыдан көрінуіне бар ықыласымен берілген, бойына ғылым мен білімді жиған ұрпақтың бейнесі аталған болмысқа сай болуы тиіс. Себебі, бұл да жас ұрпақ үшін үлкен парыз, мол жауапкершілік болып саналады.

Қорыта айтқанда жастар- еліміздің нағыз іргесі биік болашағы. Ал сол жастардың келешегі Отанымыздың ертеңгі тағдырымен тығыз байланысты. Сол себепті біз, жастар, жұдырықтай жұмылып, еліміздің өркендеуі мен дамуы жолындағы қызметте бірлесе ат салысқанымыз еліміз үшін де, өзіміз үшін де үлкен жетістік болмақ.

Зейнеп АМАНГЕЛДІ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мамандық – өмірдегі жауапкершілікті талап ететін шешім, жаңа өмірге алғашқы қадам. Таңдау жасағанда жауапкершілікпен қарай отыра, жүрек қалауымен болашағы жарқын мамандықты таңдаған дұрыс деп ойлаймын. Таңдаған мамандығын сүйіспеншілікпен, құштарлықпен атқарса,адам шынайы еңбектеніп, ісі берекелі болып,пайдасы мол болады. Яғни, қазір жас талапкерлердің мамандық таңдағанда тек өздерінің болашақтарына әсер беріп қана қоймай, еліміздің болашағына орасан ықпал тиеді. Еліміз қазіргі таңда қарқынды дамып,әлемге таныла түсіп, жаңа технологиялар мен ғаламтор жүйелеріне байланысты жаңа мамандықтарды қолданысқа енгізіп жатыр. Осыған орай, биыл техникалық салаларға ерекше назар аударылды. Онда мемлекеттік тапсырыстар үлесі шамамен 60 пайызға дейін ұлғайтылған болатын. Грант көп бөлінген сала – машина жасау және өндеу өнеркәсібі мен ІТ саласы. Соның ішінде ІТ саласы біздің елімізде жақсы қарқынмен алға дамып келе жатыр.Бұл сала мамандарынсыз әлемнің дамуын елестете алмаймыз десекте болады. Себебі түрлі жаңа мамандықтар осы салаға байланысты және болашақта да жаңа бір технологиялармен қалыптаса түседі. Енді толығырақ түсіндірсек, бұл сала дамушы елдерге және елімізге қандай өзгерістер әкеледі.

Ең алдымен аталған саламен толық танысайық. ІТ саласы компьютерлер арқылы белгілі бір процесс пен құбылысқа тән және ол туралы ақпараттарды қамтып, мәлімет жинай отыра жеткізу, өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл саланың ерекшелігін мектеп қабырғасынан бастапақ игеруге болады. Яғни, математика және информатика пәндеріне тікелей байланысты болғандықтан, жас талапкерлерге ерте жастан қызығушылығын оятуға және саламен ертерек танысуға қолайлы. Енді жас маманның бұл саланы таңдай отыра елімізге қандай өзгеріс әкелетінін айта өтейік. Біріншіден жаңа бағдарламалар мен жобалар жасап, қолданысқа енгізеді. Екіншіден жаңа робототехникалар жасап нарыққа шығарады. Бұдан қандай пайда келеді деген сұрақ пайда болары анық. Яғни біз жас маман ретінде жаңа техникаларды ойлап таба отыра, оларды қолданысқа енгізіп, басқа мемлекеттерге ұсынамыз. Бір жағынан мемлекетіміздің экономикалық жағдайы көтеріліп, екінші жағынан өндірілген жаңа құрылыммен елімізді көркейтіп, әлемді жаңарта аламыз. Мысалы, қарапайым қағаз картаны алайық. Бұрын бір жерге бару үшін міндетті түрде қағаз картаны алып арнайы құрылғылармен бізден қаншалықты алыс екенін есептейтін едік. Ал қазір электронды карталарды ұялы телефонға жүктеп, өзімізге керек ақпаратты оңай әрі жылдам уақытта үнемдеп ала аламыз. Осы арқылы өзгерістердің техниканың дамуына әсері мен саланың қаншалықты қажеттілігін байқай аламыз.

Сонымен қорытындылай келе, мамандық түрлері өте көп, алайда олардың ішінде болашақта тек технологияға байланысты салалардың дамуы басым болатынын ескеруіміз қажет. Сондай-ақ жас ұрпаққа еліміздің ертеңгі күнін дамытып, көркейте білу үшінде жаңа даму процессіне қызығушылықты арттыра түсу үшін әлде де бұл мамандықты толығымен таныстыра отырып, жетілдіру керек деп білемін. Сонда ғана бұл мамандықтардың алға жылжуы жақсара түседі.

Ақбота БОЛАТ

МАҒЖАН ӨЛЕҢІНДЕГІ «КҮН» КОНЦЕПТІСІ



«Күн» концептісі – барша адамзатқа ортақ, өзіндік мәні бар концептілердің бірінен саналады. «Күн» туралы түсінік әр адамда әр қилы таным-білімімен қалыптасқан. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»:

Күн. зат. 1. Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт; күндіз. Соңғы бес күн, бес түн бойы мен осындай қатал да болса әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім (Б.Момышұлы, «Москва»).

2. Күннің жоғарғы жиегінің шығуы мен батуы аралығындағы күн тәулігінің жарық болатын бөлігі. Күннің ұзақтығы географиялық ендік пен күннің ауысуына байланысты өзгеріп отырады (ҚҰЭ).

3. 24 сағатқа тең уақыт, тәулік. Жаудың шабуылы іркіліп, Панфилов дивизиясы екі-үш күн тыныс алды (Т.Ахтанов, «Қаһарлы күн»).

Бұл сөз ұғымдары осылай берілген, ал М.Жұмабайұлы өз өлеңдерінде қалай қолданыс тапқан, саралап көрейік.

Қазақ поэзиясына Абай «жүрек» ұғымын, Мағжан «күн» концептісін әкелді. Мағжан Жұмабайұлы өлеңдерінде күн бейнесі біртұтас концепт арқылы танылады. Ақынның 60-қа жуық өлеңінде «күн» сөзі қолданылған. Жалпы өлеңдерінде «күн» сөзі 177 рет кездеседі [8.81]. Олар эпитет, теңеу, метафора, символ сияқты көркемдегіш құралдар, сонымен қатар еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестері арқылы көрініс табады.

Күн – ғалам бейнесін суреттейтін концепт. Ақын пікірінше, күн – ғаламның орталығы, адам жүрегіндегі жылулық пен мейірімділіктің қайнар көзі. «Күн – бұл мен» деп автор өзін күнге балайды, сондықтан аспан кеңістігіндегі күн оған жерден гөрі жақын:

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Кеңілге алсам, қазір ғарышқа асамын. («Мен кім?» өлеңі)

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! («Пайғамбар» өлеңі).

Күн – ғарыш денесі, ақын – оның туындысы іспеттес. Күн таңертең шығады, сонан соң батады, демек күндіз адамдарға жарығын төгіп, бірге болса, кешке адамдарды қалдырады. Мағжан да әсем жырларымен адам жанын жылытады, бірақ ол бір күні аспанға кететінін меңзейді, одан кейін өткен жылдардан тек оның өлеңдері ғана қалатынын сездіреді. Демек, «Мен кім?», «Пайғамбар» өлеңдеріндегі автордың образы – аспан жарығының бейнесі.

Ал келесі өлеңінде ақын өзге салыстыруға жүгіненді, «мен күн баласымын» деп жырлайды:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам. («От» өлеңі)

Ақын от пен қараңғылықты қарама-қайшы қояды. От қараңғылықты оятады, онымен күреске түседі, күннің шығуымен қараңғылық жойылады. Оның барлық өлеңдерінің мағынасы бір түсінікте «от құдайының баласы» негізінде жатыр. От құдайының баласы күннің шығуымен туылып, күннің батуымен өледі деген ойды танытады. Өлеңде ақын бір-бірінен туындайтын «Күн – от – Құдай» тізбегін жасайды:

Ақынның «Туған жер» өлеңін оқығанда, мына халық даналығы еріксіз ойға оралады: «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық». Осы ой ақын өлеңінде айқын сезіледі:

Сенен басқа жер де маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – күндей
күлмедім бе.
Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес. («Туған жер» өлеңі)

Автор өз Отанының патриоты ретінде өзге елдің күнін де мойындамайды. Отанымыздың аспаны да, күні де, жері де әдемі деген ой айтады.

Ақынның әр өлеңі сайын күн ұғымын сипаттау динамикасы арта түседі: ол адамның жүрегін жылытады, отпен жалындайды, қараңғылықты жояды, жанды күйдіреді, сезімдерді қыздырады. Сезімнің қызуы – ақынның күн сәулесіндегі өзгеруінің шарықтау шегі. Адам үшін күн жылуы әрқашан жағымды әмоциялар сыйлайды, күн жылуынан «қуаныш пен бақыт» тарайды деген ойларды айта отырып, тағы да автор аспан денесімен дәл салыстыруды қолданады:

Күннен де астым мен күндіз-түн дедім бе?
Күн тәкаппар. Мен көппен құшақтастым,

Бұл ісімді күндікке мін дедім бе? («Жан сөзі» өлеңі)

Күн – мәңгі жасайтын аспан жарығы. Ол көкте нұрын шашып тұрып, жер бетінде болып жатқанның баріне куә. Ол біздің бабаларымыз үшін де, біз үшін де жарқырап, келешекте ұрпақтарымыз үшін де жарқырамақ. Ақын да өз өмірінде күн секілді болды, ол бәріне әрдайым риза болатын, күн болып, қараңғылықты жек көрді, күн болып күлімсіреп, жомарт болды.

Кей өлеңдерінде күн – сүйікті қызының бейнесі, ақынды шабыттандыратын, күн музасы. Өзінің шығармашылығында ақын жиі күнді адамға айналдыра түседі. Оны мына етістіктер дәлелдей түседі, жазалайды, күледі, өледі, туылады, т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан аңғарылып тұрғандай, өмірдегі, қоғамдағы жағдайларға іштей наразылық білдіріп, торығумен, үмітсіздікпен сыртынан қарап қана отырмай, Мағжан поэзияда өзі туындатқан Күн бейнесі арқылы («Өзім – күнмін, өзім – от» болмаса «Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар», т.б.) өзі қоса кірігіп, дүниеде жүріп жатқан тірлікке араласуға ұмтылады.

Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды, сондықтан оның өлеңдері сырлы, сазды, тілі көркем.

Тағы бір айтарым, күн автордың өлеңдерінің көпшілігінде бас әріппен жазылған. Ақын мұны күнді өз атымен санайтындықтан емес, көшпенді қазақ халқы үшін күннің үлкен маңызы бар екенін айтқысы келеді.

М.Жұмабайұлы өлеңдеріндегі «күн» ұғымы арқылы жасалған тіркестер қазақ тілінің сөз саптауына, тіл көркемдігінің артуына үлкен үлес қосып, қазақ поэзиясына тың жаңалық әкелді.

Қарақат ЕСЕНГЕЛДІ,
І.Қабылов атындағы
№12 ІТ-мектеп-лицейінің
11-сынып оқушысы

Кореяның Сеул қаласында Ұлттық Олимпиадалық комитеттер қауымдастығының (ҰОКҚ) Бас Ассамблеясы өтіп, сан мәселе талқыға түсті. Орталық Азияның Ұлттық Олимпиадалық комитетінің кезекті сессиясында «сары құрлық» ойындарын қайта жаңғырту ұсынылды.

СЕУЛДЕ САН МӘСЕЛЕ КӨЗҚАҒАЛДЫ

Отырыс жұмысына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан ҰОК, АОК өкілдері қатысты. Қатысушылардың күн тәртібінде екі негізгі тақырып болды, олардың ең бастысы – Орталық Азия ойындарын қайта жаңғырту.

Тараптар спорттық бағдарламаны бірлесіп әзірлеуге, сондай-ақ алдағы екі жылда ойындарды қайта бастауға уағдаласты. Жарыс өткізілетін ел мен күндер кейінірек анықталады. Сонымен қатар тараптар арасында 2023 жылға қарай елдердің жеке және бірлескен дайындығын жақсарту тетігін әзірлеу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілген. Бұл Париж-2024 Олимпиада ойындарының жолындағы біліктілік кезеңі болмақ.

Осы мақсатта тараптар Орталық Азияның спорт нысандарын өзара тиімді шарттарда пайдалануға келісті. Қазақстан 2015 жылдан бастап Орталық Азия өңірі бойынша Азия Олимпиадалық Кеңесіне тәрағалық етеді. АОК-тің бөлуі бойынша өңірге барлығы жеті ел кіреді. Атап айтсақ Қазақстан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан.

Сондай-ақ жиын барысында Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитеті Халықаралық конькимен жүгірушілер одағының президенті Ким Джа Юльмен, Халықаралық ауыр атлетика федерациясының президенті Мохамад Джалудпен және Халықаралық гимнастика федерациясының президенті Моринари Ватанабемен кездесулер өткізді. Тараптар Олимпиадалық күн тәртібіндегі өзекті жұмыстарға тоқталып, 2024 жылы Францияның Париж қаласында өтетін жазғы Олимпиада ойындарына, 2024 жылы Кореяның Канвон қаласында өтетін қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасына және 2026 жылы Италияның Милан және Кортина қалаларында өтетін қысқы Олимпиада ойындарына Қазақстан Ұлттық құрамасының іріктеу жарыстарына қатысу мәселесін сөз етті.

Келіссөздер нәтижесінде қазақстандық спортшыларының Олимпиада ойындарына іріктеу жарыстарына дайындығы мен қатысуды жақсартуға мүмкіндік беретін бірқатар ұсыныстар енгізді.

Кездесудегі негізгі мәселенің бірі – спорт арқылы әлемді бейбітшілікке шақыру. ХОК президенті Томас Бах Олимпиадалық қауымдастықты бейбітшілікке шақыруға бірқатар маңызды мәлімдеме жасады.

– Украинадағы жалғасып жатқан соғыс, ондағы облыстардың жақында аннексиялануы барлық елді алаңдатып отыр. Бұл мәселеге ХОК бейжай қарамайды. «Халықаралық Олимпиада Комитеті» Ресей мен Беларусь мемлекетіне қарсы санкцияларды күшейте түседі. Бұл шешім бізге де оңай емес. Өрине, біздің санкция спортшыларға ауыр тиері анық. Өйткені олардың кінәсі жоқ. Алайда біз өз тарапымыздан барлық елді бейбітшілікте сақтағымыз келеді. Бұл қорғаныс шараларын қабылдауға мәжбүр болдық. Қазіргі миссиямыз екі елдің спортшыларына халықаралық жарыстарға қатысуға тыйым салуды ұсыну. Егер мұны жасамасақ, жағдай одан әрі ушыға бермек, – деді Бах.

ЖАҢА СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІГІМІЗ

Қазақ спортшыларын әлем тек күрес, бокс, дзюдо, ауыр атлетика арқылы танып келді. Әйтсе де, кейінгі жылдары спортшылардың жаңа буыны тыңнан түрен салып, жаңа спорт түрлерін меңгере бастады. Олар жай меңгеріп қана қоймай, санаулы жылдың ішінде алпауыт елдердің өкілдерін жүлдесіз қалдырып жүр. Мәселен, орта ғасырларда Францияда пайда болған теннис спортында кейінгі бір-екі жылдың көлемінде Алаштың өрендері жарқырап өнер көрсете бастады. Алысқа бармай-ақ теннистен Қазақстанның 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасының биылғы әлем чемпионатындағы жетістігін айтсақ жетіп жатыр.

Ақсүйектердің ойыны саналатын теннис спортының федерациясы елімізде 1992 жылы құрылғанымен, 30 жылдан бергі қажырлы еңбектің жемісі енді көріне бастады. Теннистен Қазақстанның 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасы биыл Чехияның Простеев қаласында ұйымдастырылған әлем чемпионатына ел тарихында тұңғыш рет қатысып, әлемнің ең үздік төрт құрамасының қатарынан көрінді.

Қазақстандық жасөспірімдер мұндай деңгейдегі жарысқа алғаш рет қатысқанына қарамастан, әлемдегі үздік құрамалармен терезесі тең өнер көрсетті. Жерлестеріміз жаһандық біріншілік барысында бұлтырғы әлем чемпионы – Италия, сонымен қатар Аргентина, Словения секілді құрамаларды жарыс жолынан шығарды. Дүниежүзілік додада ел намысын Заңғар Нұрланұлы, Дамир Жалғасбай және Даниэль Тазабеков қорғағанын айта кетейік.

Сондай-ақ қыздар құрамасы да таптаурын өнер көрсетті. Жуырда ғана Таиландта 14 жасқа дейінгі теннисшілер арасындағы Азия чемпионаты аяқталды. «Сары құрлық» бәсекесінің жекелей сынында қазақтың екі қызы – Ариана Гогулина мен Альбина Кәкенова барлық қарсыласын тізе бүктіріп, Азияның үздік теннисшілері атанды. Командалық сайыста да Қазақстан құрамасының өкілдері топ жарды. Азия біріншілігінде өрелі өнерімен көзге түскен Альбина Какенова 14 жасқа дейінгі теннисшілер арасында Азия рейтингінде көш бастады. Бұл да бір тарихи көрсеткіш.

Ойлылар ойыны саналатын шахмат спортында Динара Сәдуақасова, Жансая Әбдімәлік, Бибісара Асаубаева секілді әйелдер және ерлер арасындағы гроссмейстерлердің жақын арада орнын басатын мықты буын қалыптасып келеді. Мәселен, қазан айының алғашқы онкүндігінде Әзербайжанда 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы дүниежүзілік шахмат олимпиадасы ұйымдастырылды. Бұл додаға Қазақстан құрамасының 12 және 14 жастағы спортшылары қатысса да, өздерінен үлкен шахматшыларымен тең дәрежеде өнер көрсетті. Тіпті ерлер арасындағы жарыста сынға түскен Сауат Нұрғалиев жеке есепте барлық партияда үздік нәтиже көрсетіп, олимпиаданың алтынын жеңіп алды. Сондай-ақ тағы бір зерек шахматшы Иманғали Ақылбай қола жүлдегер атанды. Қазақстан құрамасының спортшылары өздерінен үлкен жастағы шахматшылармен ойнаса да, жалпыкомандалық есепте шахмат спортының үздіктері саналатын Үндістан мен Иранның командаларын басып озып, үздік төрттіктің қатарынан көрінді.

Апта басында Кувейттің бас шаһары – әл-Кувейтте жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінде Қазақстанның спортшылары ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Нәтижесінде, 3 алтын, 3 күміс және 1 қола медаль еншілеген жерлестеріміз жалпыкомандалық есепте бесінші орынға табан тіреді. Бұл – Қазақстанның жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігіндегі ең үздік нәтижесінің бірі.

ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ АЯҚТАЛДЫ

Республика күніне орай «Қайсар» футбол клубының ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы облыстық чемпионат мәресіне жетті. Биыл алғаш рет өткізіліп жатқан аладоп бәсекесіне 24 команда, 400-ден аса жасөспірім бала қатысып, бақ сынады.

2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бірінші білікте I орын – «Қайсар», II орын – «Осдюшор», III орын – 17 ОРМБЖМ-ға (Қазалы) бұйырды.

Сондай-ақ үздік қақпашы – Шапи Данияр (Қазалы), Үздік қорғаушы – Жұмағали Ерасыл (Наман), Үздік шабуылшы – Орынбасар Дияр (Осдюшор), Сұрмерген – Ұлықбаш Диас (Қазалы), Үздік ойыншы – Рыбалкин Владислав (Қайсар) атанды.

Ал 2012 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бірінші білікте I орын – «Намыс», II орын – 17 ОРМБЖМ (Қазалы), III орынды «Хан» – құрамасы еншіледі.

Үздік қақпашы – Айтбек Шадияр (Қайсар), Үздік қорғаушы – Елеуов Абдурахман (Наман), Үздік шабуылшы – Нұрасылов Сакен (Қазалы), Сұрмерген – Иманғали Марат (Хан), Үздік ойыншы – Заңғар Қазыбек (Намыс) болды.

2013-14 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бірінші білікке келсек, I орын – «Кгэк», II орын – 17 ОРМБЖМ (Қазалы), III орын – «Қайсар».

Үздік қақпашы – Жаннат Бексұлтан (Кайсар), Үздік қорғаушы – Шамшат Мәди (Наман), Үздік шабуылшы – Алмасбек Арнұр (Қайсар), Сұрмерген – Дүзелбай Нұрислам (Қазалы), Үздік ойыншы – Сейфулла Санжар (Кгэк).

ПОЛИЦЕЙЛЕР ТҰҒЫРДА

Түркияның Анталия қаласында әмбебап жекпе-жектен әлем кубогы өтіп, қызылордалық полицейлер жеңіс тұғырынан көрінді.

Дүбірлі додада 80 келі салмақ дәрежесінде Қызылорда облысы ПД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының аға инспекторы Нұршат Аманқосов сынға түсті. Жарыс барысында Нұршат 4 кездесу өткізіп, барлығын тізе бүктірді.

Мұнан бөлек 85 келі салмақта өнер көрсеткен Қызылорда облысы ПД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы Нұрбол Сқақов Нұршаттың жетістігін қайталап, әлем кубогын жеңіп алды. Ол бәсеке барысында Өзбекстан, Түркия, Сербия, Украинаның спортшыларымен айқасқа түсті.

БОКСШЫЛАР БАБЫН БАЙҚАТТЫ

Қазақстандық боксшылар Мексикадағы бокс кешінде сынға түсіп, жанкүйерлерді жарқын жеңістерімен қуантты.

Мехико қаласында өткен кеше 2017 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Әбілхан Аманқұл мен Азия чемпионы Бек Нұрмағанбет шаршы алаңға көтерілді. Рингке бірінші болып шыққан Бек жергілікті боксшы Лучано Араухомен (6-5-3, 3 КО) жұдырықтасты. Супер орта салмақта жоспарланған сегіз раундтық айқастың екінші раундында жерлесіміз қарсыласын техникалық нокаутпен ұтты. Бұл – Нұрмағанбеттің кәсіпқой боксшы сегізінші жеңісі. Жерлесіміз былтыр WBA International тұғырымы бойынша супер орта салмақтағы титулды жеңіп алған болатын.

Ал кәсіпқой боксшы «қазақтың салмағына» айналып бара жатқан орта салмақ дәрежесінде жекпе-жек өткізген Ә.Аманқұл да мексикалық боксшы Йеассон Пачеко Сервантеспен (6-1, 3 КО) жұдырықтасып, қарсыласын өз жанкүйерлері алдында сұлатып салды. Бұл – отандасымыздың кәсіпқой боксшы екінші жеңісі.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

СТУДЕНТКЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫС ТИІМДІ?

Әрбір студент бос уақытында табыс тауып, өз-өзін қамтамасыз етуді армандайтыны анық. Ата-анасына ауыртпалық салмай, адал еңбекпен қажетін алса, мақсаттың орындалғаны. Алайда білім алып жатқан мамандық төңірегінде еңбек ету оңайлықпен берілмейді. Оның үстіне жұмыс берушілер арнайы диплом талап ететін тағы бар. Сондықтан студент қауым ең қолайлы әрі тиімді жұмыс табуға талпынады. Осы орайда білім алушылар көп кездесетін қызмет түрін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Сөзсіз, студенттер арасындағы кең таралған қызмет – даяшы болу. Бұл мамандық қиын болғанымен, жұмыс уақыты қолайлы әрі айлығы да аз емес. Алматы қаласының даяшылары бір айда орта есеппен 70 мыңнан 300 мыңға дейін айлық алады. Әрине, сіздің табысыңыз істейтін жердің беделіне, атағына байланысты. Мысалы, орта деңгейлі кофеханалардың даяшылары айына 100 мың, ал жоғары деңгейлі – айына 150-200 мың теңге табыс табады.

Промоутер, яғни жарнама маманы да алдыңғы қатарда. Промоутер жұмысын бір өзіңіз немесе топ болып істеуіңізге болады. Бұл кәсіптің жұмыс кестесі өте ыңғайлы. Жұмыс беруші сізге нақты уақытты белгілемеуі де мүмкін. Сіздің басты міндетіңіз нақты бір берілген тауарды жарнамалау. Жарнама түрі сан алуан. Сіз көшеде жарнама парақшаларын таратасыз немесе ғимарат сыртына сол тауардың атауын жазып кетесіз. Бірақ промоутердің айлық табысы даяшыға қарағанда біршама төмен.

Жұмыс іздеу сайттарында жиі кездесетін мамандық – сатушы-кеңесші. Бізде сауда орталықтары мен сауда орындары жетерлік. Сондықтан сатушылар сұранысқа ие. Күннің екінші жартысында бос болатын студенттерге бұл өте қолайлы жұмыс. Өйткені түс уақытынан түнге дейінгі график бар. Сатушы болып жұмыс жасау үшін, кез келген адаммен тіл табыса алу керек. Түйіндемеңізді жазып, дүкендерге таратып шықсаңыз, сізді тағылымдамаға шақырады. Бұл мамандықта бонустық есеп көп таралған. Қанша сатсаңыз, сонша аласыз.

Соңғы уақытта студенттің табыс көзіне айналған бағыт – курьер (атшабар). Бұл аса білімді қажет етпейтін жұмыс. Бір жерден екінші жерге белгілі бір затты, құжатты немесе тауарды жеткізу. Ең бастысы сол қалпында сақтап, затты бүлдіріп алмасаңыз болғаны. Егер сіздің жеке көлігіңіз немесе басқа жүріп-тұру құралыңыз болса, айлық табысыңыз да жоғары болады. Мысалы, көлігі бар курьерлер 100 мыңнан 230 мыңға дейін айлық алса, жаяу курьер 30 мыңнан 100 мыңға дейін табыс табады.

Жастардың ең көп пайдаланатын құралы – телефон. Смартфонды тек көңіл көтеру үшін емес, табыс табу мақсатында да қолдануға болады. Бұл орайда Call-center-де оператор болу таптырмас жұмыс. Аталған қызметте қоңырау шалып тұрған адамға барынша көмек беру – басты міндет. Сіз түрлі саланың маманы болуыңыз мүмкін. Мысалы, ұялы байланыс операторы немесе телефон арқылы психологиялық көмек көрсету. Оператор болып сабақтан бөлек түнгі уақытта да жұмыс жасауға болады.

Соңғы нұсқаның бірі аниматор болу. Егер балаларды жақсы көрсеңіз, олармен оңай тіл табыса алсаңыз, бұл жұмыс сізге арналған. Аниматор болып жұмыс жасайтын студенттер баршылық. Өйткені аса қиын емес, әрі уақыты да ыңғайлы. Тек балаларға арналған ойын алаңдарында ғана емес, олар үшін ұйымдастырылған мерекеде де жұмыс жасай аласыз. Балаға көңілді мереке жасайтын ата-аналар көп. Сол себепті аниматорлардың жұмысы сұранысқа ие болып тұр. Бүлдіршіндерді ойнатып, көңілдерін ауласаңыз болғаны.

Әрине, іздеген адамға жұмыс табылатыны белгілі. Еңбек жолын ерте бастау университет бітірген соң да көмегін тигізіп, ұжыммен байланыс және тапсырма орындау дағдысында таптырмас жолбасшы болмақ. Алайда әр қадамды мұқият басып, алаяқтарға алданып қалмауға тырысу қажет.

Дайындаған Берен ШАҒЫРОВ

КЕЛ, БИЛЕЙІК, БАЧАТА!

Би өнері – тән мен жанның үйлесімділігі. Ғалымдар бидің басты 5 элементінің бар екенін алға тартады: дене, әрекет, кеңістік, уақыт және энергия. Бұған қарап, би өнерін өмірдің дәл өзі десек болады.

Сонымен қатар түрік тіліндегі «бек» сөзінің уақыт өте келе «бей» мен «би» сөздерін тудыруы да қызықты. Өнертанушы Молдияр Ергөбектің пікіріне сүйенсек, заманауи қазақ тілінде ел билеу мен би билеудің түбірі бір. «Сол баяғы шаманға бару керек бұл ұқсастықты түсіну үшін: Олар би билей алатыны үшін тылсыммен байланысы бар; тылсыммен байланысы болғаны үшін елге билік жүргізетін. Олай болса би билеу өте маңызды. Әр адам қысылмай билей алса, өз өмірін де билей (басқара) алар еді.

Тарихта «бег» («бек») сөзі алғаш рет Орхун жазбасынан (735ж) табылған екен. «Beglik oğluŋun kul kıldıġ, işilik kız oğluŋun küŋ kıldıġ» депті. «Бек болар ұлын құл қылдық, ханым болар (ішіл – әйел, ханым демек екен) қызын күң қылдық». Бұл сөйлемге барлап қарасаңыздар «оғлан» сөзінің жынысының жоқ екенін көресіздер. Соған қарағанда «оғлан» сөзінің ер баланы меңзеуі кейіннен болса керек. Қазақ тіліндегі «бала» сөзінің мәніне ұқсайды. «Бала» әрі жыныссыз сөз, әрі ер баланы меңзейді кейбір аймақтарымызда. Өзінің тәнін басқара білу – өнердің өнері. Қарап отырсаңыз биде фонограмма жоқ», – дейді өнертанушы.

Иә, спорт денсаулықтың кепілі болса, би одан да асып түсер адамның жаны мен тәніндегі үйлесімділіктің көрінісі сынды. Денсаулыққа да өте пайдалы. Би арқылы құрысып қалған бұлшық еттерді қайта жұмыс істетіп, іште жиналған негативті шығарып тастауға болады. Күйбең тіршілікті бір сәтке ұмыттырып, күйзелістен арылтады. Билеген адамның мүсінінде мін болмайды. Қан айналымы дұрысталып, табиғи коллагеннің бөлінуіне әсер етеді.

Бүгінгі әңгіме бачата биі жайында болмақ. Құштарлық пен нәзіктікке, жұмбаққа толы бидің түрі қазір көптің сұранысына ие. Қызылордалық хореограф Ғалия Кенжебаева – бачата мен зумба билерін үйретіп жүрген 20 жылдан астам тәжірибесі бар кәсіби маман. Би өнерін таңдап, жанымен қалап оқуға түскен хореограф 2001 жылы аталған мамандық бойынша диплом алады.

«Оқуды бітірген соң бимен айналыстым. Түрлі қосымша үйірмелерде шығыс биін, зумба биін, латын-американдық би түрлерін үйретіп, шәкірт тәрбиелеп жүрдім. Кейін өзімнің әдістемем бойынша биге фитнесті қостым. Зумба, бачата, тағы басқа түрлі бағыттағы би түрлерін білсем де, ешқайсысына ерекше назарым ауып, бөле-жарған емеспін. Осылай уақыт өте берді.

Кейін пандемия кезінде жағдай ушығып, карантин режимі орнады. Әл есімде. 2020 жылы бәрі арақашықтықтан жұмыс істеп жүрген кезде ресейлік бишілердің онлайн курстарын, марафондарын сатып алып, үйден айналысып жүрдім. Содан соң өзім де сабақ өткізуді жоспарлап, бір топ қана ашып, бачата биін үйреттім. Шәкірттерім өздерін ерекше бақытты сезінетін. Олардың жүзіндегі құштарлықты көріп, өзімнің де қызығушылығым артты. Өзге қалаларда өтетін бачата фестивальдерін іздеп, қарай бастадым. Алматы, Астана, Шымкентте кәсіби біліктілігімді көтеріп, қосымша білім алдым. Жан-жақтағы хореографтармен тәжірибе алмастым. Мен биді, оның ішінде бачата стилін сүйемін. Би – мен үшін өмір», – дейді кейіпкеріміз.

Қазір Ғалияның жасы 40-та. Одан арнайы сабақ алып, бачата биін үйренетіндер көбіне қызылордалық қыз-келіншектер екен.

«Бачатаның жұптық би екені белгілі. Мұнда құштарлық, нәзік иірімдер бар. Сондықтан мен биге қызылордалық жігіттердің де келгенін қалаймын. Кәсіби маман болу үшін емес. Би көңіл-күйдің қозғаушы күші хобби ретінде айналысса, қандай керемет. Алайда біздің менталитетке байланысты ер адамдар жұрттың сөзінен ұялып, би десе, айналып қашады», – дейді биші.

Инстаграмм әлеуметтік желісінде galiya_fitdance парақшасымен танымал бишінің қазіргі сәтте 50 000-ға жуық оқырманы бар. Оның айтуынша, зумба, бачата билерімен айналысу кезінде адам 1 ғана сабақта 800 калория салмақ тастайды. Көңіл-күйі, өзінің ішкі жағдайы жақсарып, қан айналымымен бірге әйелге тән әдемі мүсіні де қайта оралады.

Жалпы бұл бидің шығу тарихына үңілсек, Доминикан Республикасында кедей топтың бастамасымен дүниеге келіпті. Бір кездері Рафаэль Молина деген диктатор осы елді басқарып тұрғанда, елде қиын жағдай орын алады. Міне, сол кезде бачата билеу арқылы халық өз мұңын сыртқа шығарған екен. Яғни, бачата қайғының орнына қуануға, айналадан сұлулықты көруге шақырып, би арқылы адамның бар болмысын шығарады.

Дина БӨКЕБАЙ

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(27 қазан – 2 қараша)

Тоқты
Аптаның алғашқы жартысында әр сөзіңізге абай болып, айналадағылармен барынша әдепті қарым-қатынас жасаңыз. Аптаның барлық күні сауда-саттық жасауға сәтті. Қаржылық операцияларды жүзеге асыру қажет болса, дүйсенбінің еншісіне қалдырыңыз. Ал сәрсенбіні жақындарыңыз бен сүйікті жанға арнаңыз.

Торпақ
Аптада барынша белсенді болыңыз. Сейсенбі мен сәрсенбіде ақырын жүріп, аңдап басыңыз, қастық қылғысы келгендер қақпан құруы мүмкін. Ал қалған күндерді оңаша өткізгеніңіз өзіңізге жақсы.

Егіздер
Жұлдыздар сізге апта бойы қаржылық мәселелерде ерекше сақ болуға кеңес береді. Маңызды шаруаларыңыз болса, ол жайында ешкімді құлақтандырмай, үнсіз тындырыңыз. Апта соңында қызметтік міндеттеріңізді мүлтіксіз атқаруға тырысыңыз. Бұл күндері мансап баспалдағымен өрлеуге ықпалы тиетін істер күтіп тұр.

Шаян
Реніш пен дау-жанжал жүрген жердің барлығынан іргеңізді аулақ салыңыз. Бейсенбі мен жұмада жағымды әрі тиімді іскерлік кездесу, іссапар немесе туыстармен әңгіме-дүкен күтуде.

Арыстан
Әріптестермен арақатынасыңызға назар аударғаныңыз жөн. Жұманы жақын-жуық, туыстарға арнаңыз. Ал сенбіні саяхатқа шығып не жаңа білім алу жолына жұмсасаңыз, сәтті болмақ.

Бикеш
Апта іскерлік белсенділік таныту мен іссапарға шығу үшін қолайлы. Бейсенбі мен жұма – іскерлік серіктестікті арттырып, ымыраға келу, келісімшартқа қол қою үшін таптырмас күндер.

Таразы
Аптада көлемді қаржы жұмсауды керек ететін жағдайлар орын алады. Оның отбасы, үй-тұрмысқа қатысты болу мүмкіндігі жоғары. Бейсенбі-жұма күндері қызметтік қарым-қатынастарды нығайта түсуге қолайлы болмақ, қапы қалмаңыз. Сондай-ақ бұл күндер ұсақ-түйек қажеттіліктер, денсаулыққа пайдалы заттар сатып алуға да сәтті.

Сарышаян
Үй шаруаларын тындыруға кірісе беруіңізге болады. Сейсенбі мен сәрсенбіде әріптестеріңізбен барынша әдепті әңгімелесіңіз. Тырнақ астынан кір іздеушілер әр сөзіңізді бағатын болады. Іскерлік кездесулер мен шығармашылық жұмыспен айналысуға ең сәтті күн – бейсенбі.

Мерген
Апта бойы ескі дос-таныстармен ұшырасып, хабарласу жиі орын алады. Сәрсенбі мен жұма күндерінің аралығы үй шаруашылығын қолға алу мен сауда-саттық жасауға қолайлы. Сенбіні сәтті өткізгіңіз келсе, интеллектіңізді арттырып, жаңа білім алуға, шығармашылығыңызды шыңдауға, туыстармен әңгіме-дүкен құруға талпыныңыз.

Тауешкі
Алдағы аптада іскерлік белсенділігіңіз арта түседі. Бұл күндер туған-туыстармен тығыз қарым-қатынас жасауға да қолайлы. Тек қалтаңыздағы қаражатқа мұқият болып, құмар ойындарынан алыс жүрсеңіз болғаны.

Суқұйғыш
Аптаның бірінші жартысы жаңа бастамаларды қолға алып, тұрмыстық мәселелерді шешуге қолайлы болмақ. Бұл күндері сапарға шығуға тиіс болсаңыз, жолда барынша сақтық танытыңыз. Сауда-саттық жасау мен мансап баспалдағымен жоғары өрлеу үшін ең сәтті күндер – бейсенбі-жұма.

Балықтар
Апта бойында қаржылық мәселелерді шешуде асығыстыққа бой алдырмаңыз. Бейсенбі мен жұма – жаңа бастама мен маңызды адамдармен кездесу ұйымдастыруға арналған күндер. Ал сауда орындарын аралап, зат сатып алуды сенбінің еншісіне қалдырыңыз.

Кезекші редактор: М.САБЫРЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7399
Тапсырыс: 1828